

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ



**БІЗ БІРГЕМІЗ!**

Қаза тапқандар мен зардап шеккендер отбасылары ешқандай мұқтаждық көрмеуі тиіс

2

САРАПТАМА



**ҚАЗАҚ-ФРАНЦУЗ ҚАТЫНАСЫ**

жаңа кезеңге аяқ басты

3

МӘДЕНИЕТ



**«АМЕРИКАДА ҚАЗАҚ ӘНІ ШЫРҚАЛАДЫ»**

6

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty

## AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №130 (6423) 31 қазан, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

## ХАЛЫҚТЫ БАСПАНАМЕН ҚАМТУ

Тұрғын үй бағытындағы қызмет трансформацияланады



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Байбазаровты қабылдады**

Президентке холдингінің биылғы 9 айдағы қызметінің нәтижелері, соның ішінде кәсіпкерлік пен агроөнеркәсіп кешенін қолдау, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндалды.

Деректерге сәйкес, инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемі 511 миллиард теңгені құраған. Сонымен қатар, шағын және орта бизнестің 18,1 мың жобасына қолдау көрсетіліп, шамамен 1 триллион теңге көлемінде кредит берілген. Агроөнеркәсіп кешенін қолдауға 447 миллиард теңге қаржы бөлінген. Жыл басынан бері 811,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, 47 мыңға жуық отбасы баспаналы болған. «Бәйтерек» алдағы екі жылда экономиканың шикізаттық емес секторын қолдау ауқымын екі есе арттырмақ. Инвестиция тарту және коммерциялық банктерді өңдеу өнеркәсібі жобаларын кредиттеуге жұмылдыру жұмыстары жандана түседі. Ішкі нарықты қамтамасыз ету және агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық әлеуетін арттыру мақсатында

тамақ өнеркәсібі жобаларын қаржыландыру бағдарламалары іске қосылады, сондай-ақ толыққанды экспорт-кредит агенттігі құрылады. Мемлекет басшысының монокалалар, аудан орталықтары мен ауыл тұрғындарын баспанамен қамту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында холдингінің тұрғын үй бағытындағы қызметі трансформацияланады. Мемлекет басшысы экономикалық өсімді қолдау және азаматтардың тұрмыс деңгейін жақсарту үшін жаңа тәсілдер енгізу маңызды екенін атап өтіп, «Бәйтерек» холдингінің жұмысын жетілдіруге қатысты бірқатар міндет жүктеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: www.akorda.kz).

МӘСЛИХАТ

## АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

Кешенді жоспар дамудың негізгі бағыттары бойынша қала және облыс әкімдіктерінің қызметін үйлестіруді көздейді

VIII сайланған Алматы қалалық мәслихатының кезектен тыс IX сессиясы өтті. Күн тәртібіндегі мәселелердің бірі – Алматы агломерациясын дамытудың 2029 жылға дейінгі Кешенді жоспарын келісу.

Кешенді жоспар агломерацияның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Құжат аумақтық, әлеуметтік, жол-көлік, инженерлік, экономикалық, экологиялық және цифрлық даму бойынша 16 стратегиялық бағыт аясындағы жобаларды қамтиды.

Өз сөзінде Алматы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин атап өткендей, Кешенді жоспар қала және облыс әкімдіктерінің дамудың негізгі бағыттары бойынша қызметін үйлестіруді көздейді.

«Цифрлық даму бағытында деректер базасын интеграциялау және бірыңғай геоақпараттық жүйені жүргізу жоспарлануда. Бұл агломерацияның картографиялық және қала құрылысы деректерін біріктіруге, қала маңы аумақтарының нысаналы мақсатын бекітуге және т.б. мүмкіндік береді. Алматы қаласының көлік қаңқасын тиімді іске асыру үшін қажетті Алматы агломерациясының бірыңғай көлік моделі әзірленетін болады», – деді өз сөзінде Асқар Әмрин.

Асқар Әмрин «қала мен қала маңы аймағында қоғамдық көлікті интеграциялау, БА-



КАД-қа дейінгі 4 радиалды және 7 ішкі магистральдық көшелерді тесу, қала маңындағы теміржол жолаушылар тасымалын дамыту көзделгенін» айтты.

Оның айтуынша, жаңа білім беру және денсаулық сақтау нысандарын салу, сондай-ақ қала маңы аймағында жұмыс орындарын құру есебінен әлеуметтік саланы дамытуға бірыңғай тәсіл қолданылатын болады. Сонымен қатар, бірың-

ғай жасыл агломерация дәлізі және тағы басқалар құрылады. Естеріңізге салсақ, Алматы агломерациясын дамытудың 2029 жылға дейінгі Кешенді жоспарының жобасын Алматы қаласы мен Алматы облысының хатшылықтары «Агломерацияларды дамыту туралы» Заңның 13-бабын іске асыру шеңберінде әзірлеген болатын. Бұған дейін Кешенді жоспарды Алматы агломерациясының жергілікті кеңесі келіскен.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

31.10.2023

Түнде:

+9+11 °C  
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+13+15 °C  
Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты.

Желдің жылдамдығы: 3-8, күндіз екпіні 15 м/с

1.11.2023

Түнде:

+3+5 °C  
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр. Кей уақытта тұман.

Күндіз:

+10+12 °C  
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz







ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

# БІЗ БІРГЕМІЗ!

## Қаза тапқандар мен зардап шеккендер отбасылары ешқандай мұқтаждық көрмеуі тиіс

Қарағанды облысындағы «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамының шахталарының бірінде тағы да апат болды. Бұл жолы Костенко атындағы шахтада болған өрт салдарынан кеншілер қаза тапты.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы мекемеге қарасты Костенко атындағы шахтада болған өрт салдарынан қаза тапқан кеншілердің отбасылары мен туған-туыстарына көңіл айтты. Апат салдарын жою жөніндегі жедел штаб отырысын өткізді. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына қатысты тиісті шара қабылданатынын жеткізді. Аталмыш компаниямен инвестициялық ынтымақтастықты тоқтату жөнінде тапсырма берді. Президент өкімімен 29 қазан – Жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланды.

«Мен Мемлекет басшысы ретінде баршаңызға көңіл айтамын. Бұл – қасірет. Бәрін түсінемін. Апат болды. Апаттың кесірінен көптеген адам қаза тапты. Сондықтан бұл жерге арнайы келдім. Тиісті шаралар қабылдаймыз, соның ішінде зардап шеккендердің отбасыларына көмек көрсетеміз. Қаза тапқандар мен зардап шеккендердің отбасылары ешқандай мұқтаждық көрмеуі үшін Үкімет, әкімдік және қайырымдылық ұйымдарының алдында жан-жақты көмек көрсету міндеті тұр», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы «АрселорМиттал Теміртау» мекемесі Үкіметпен және кәсіпорынмен ынтымақтастық тұрғысынан еліміз тарихымыздағы ең нашар компания болғанын атап өтті. Енді кәсіпорынның өзіне қатысты шаралар қабылдау туралы ойлану керектігін айтты. Бір кездері «АрселорМитталда» жұмыс істеген, облыс әкімінің орынбасары болған Вадим Борисович Басинге сенім артағынын жеткізді. Кәсіпорынның қазіргі басшылығының қолынан ештеңе келмейтіндіктен, Басинге кәсіпорынды басқаруды тапсырғанын тілге тиек етті.

### ЖҰМЫС ТӘУЛІК БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Президент жер астында қалған кеншілерді құтқару, зардап шеккен және қаза болған азаматтардың отбасыларына жан-жақты көмек көрсету – кезек күттірмейтін міндет екенін аманаттады.

– Ең алдымен, құтқару жұмыстары жүргізіледі. Екіншіден, зардап шеккендер мен медициналық көмекке мұқтаж азаматтардың нақты санын анықтауымыз керек. Үшіншіден, осы апаттан зардап шеккендердің барлығының отбасына материалдық көмек көрсетеміз. Егер қажет болса, арнайы қор ашамыз. Мұнымен өзін айналысамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



## Мемлекет басшысы қаза тапқан кеншілердің отбасыларына көңіл айтты, шұғыл жедел штаб отырысын өткізді

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы қазіргі уақытта кеншілердің зейнетке шығу жасына қатысты мәселе қарастырылып жатқанын айтты.

Костенко атындағы шахтада болған апат салдарын жою жөніндегі жедел штаб отырысында ең алдымен, құтқару жұмыстарының барысы және қазіргі ахуал туралы Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов баяндады.

– Апат кезінде шахтада 252 адам болған. 206 қызметкер өз бетінше көтерілді. Қазіргі уақытта апаттық-құтқару жұмыстарына 10 бөлімше, 55 тау-кен құтқарушы және 12 техника жұмылдырылды. Жұмыстар екі өндіру учаскесі аумағында жүргізілуде. Жаңа өрт ошақтары байқалмайды. Жұмыс тәулік бойы жалғасады, – деді Сырым Шәріпханов.

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар министрінің баяндамасын тыңдап болғаннан кейін іздестіру-құтқару жұмыстарын барлық қажетті күшті тарта отырып, күшейтілген режимде жалғастыруды тапсырды.

– Жаңа ғана азаматтар әр 10–15 минут сайын ақпарат беріп тұру мәселесін көтерді. Мүмкіндігінше қамтамасыз ету керек. Халықпен қарым-қатынас жасайтын бір өкіл болсын. Жұртшылықты ақпаратсыз қалдыруға болмайды. Бұл – өте шетін әрі мүлдем жол беруге болмайтын мәселе. Біз күн-түн демей, соңына дейін күресуіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиында Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният зардап шеккен азаматтарға көрсетіліп жатқан медициналық көмек туралы мәлімет берді. Медициналық көмектің жедел әрі толық көрсетіліп, әртүрлі деңгейде газдан уланғандар токсикология бөлімшесінде ем алып жатқанын мәлімдеді. Медициналық көмек көрсетуге барлық дәрігер жұмылдырылған.

Ал Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова қаза тапқан кеншілердің отбасыларына қандай әлеуметтік көмек көрсетілетінін хабарлады.

– Қаза тапқан азаматтардың отбасыларына асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы тағайындалады. Ол республикалық бюджеттен, әлеуметтік

сақтандыру қорынан және өмірді сақтандыру компаниясынан төленеді. Жәрдемақы көлемінің жалпы орташа мөлшері асырауындағы адамдар 18 жасқа толғанға дейін ай сайын 400–500 мың теңгеден басталады. Егер балалар жоғары оқу орындарында білім алып жатқан болса, онда 23 жасқа дейін төленеді. Әзірге барлық төлемді өтеу «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына жүктеледі. Кәсіпорын ұжымдық шартқа сәйкес жылдық төлем тәуекелдерін төлеуге міндетті. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы жерлеу рәсімдеріне байланысты барлық шығынды, сондай-ақ балаларды жоғары оқу орындарында оқытуды өз мойнына алуға тиіс, – деді Светлана Жақыпова

Премьер-министр Әлихан Смайылов Үкімет «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының акционерлерімен алдын ала уағдаластыққа қол жеткізгенін және кәсіпорынға тиесілі меншік құқығын Қазақстан Республикасының пайдасына беру жөніндегі мәмілені ресімдеу процесі аяқталуға жақын екенін баяндады.

### ҮКІМЕТТІК КОМИССИЯ ҚҰРЫЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның Костенко атындағы шахтасында орын алған апаттың себептерін

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

#### Өрт кезінде қаза тапқандардың отбасыларына ҚАНДАЙ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ?

Қарағанды облысының әкімдігі уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, Костенко атындағы шахтада болған өрт салдарынан қаза тапқан «АрселорМиттал Теміртау» АҚ жұмысшыларының отбасы мүшелерінің тізімін жасап жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша оларға толыққанды көмек көрсетілетіні болады.

Апат айтқанда, бірқатар қолдау шаралары қарастырылған. Олар:

- Компания қаражаты есебінен отбасыларға баспана сатып алу;
- Моральдық зиян үшін 10 жылдық жалақы мөлшерінде біржолғы төлем;
- Асырауында болған балаларға 18 жасқа толғанға дейін ай сайынғы сақтандыру төлемі (ЖОО студенті болса, 23 жасқа дейін);
- Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жалақысына байланысты ай сайынғы төлем;
- Қамқорлықтағы адамдардың санына байланысты асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;
- Жұмыс берушінің қаражаты есебінен отбасылардың несиелерін өтеу;
- Жерлеуге байланысты барлық шығындарды өтеу;
- Қаза тапқандардың балалары мен жұбайларын жұмысқа орналастыру;
- 23 жасқа дейінгі балалардың оқу ақысын төлеу;
- Қаза тапқандардың жұбайлары мен балаларына санаторий-курорттық емделуге жолдамалар беру;
- Үйді пешпен жылытатын отбасыларға жыл сайын көмір бөлу.

Президент тапсырмасына сәйкес «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның қаза тапқан қызметкерлерінің отбасыларына барлық қажетті көмек көрсету мәселелері ҚР Үкіметінің ерекше бақылауында болмақ.

тергеу және оның салдарын жою жөніндегі Үкіметтік комиссия құрылды.

Шахтадағы өрттің салдарынан топтық жазатайым жағдайдың себептеріне жан-жақты тергеу жүргізілетін болады. Сонымен қатар, келтірілген залалды бағалау, зардап шеккендерге және қаза тапқандардың отбасыларына алғашқы көмек көрсету жөнінде шаралар қабылданады. Комиссияның шешімімен Вадим Басин «АрселорМиттал Теміртау» АҚ бас директорының міндетін атқарушы болып тағайындалды. В.Басин 2022 жылғы қазан айынан бастап Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары болып жұмыс істейді. Еңбек жолын металлургия комбинатында электромонтер болып бастаған. Ұлттық құрылтай мүшесі, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының иегері.

Әлихан Смайылов комиссияның отырысын өткізіп, марқұмдардың отбасыларына барлық қажетті көмек көрсетілетінін айтты. Үкімет басшысы Қарағанды облысының әкіміне ТЖМ және басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп, апатты жою жөнінде қажетті шаралар қабылдауды тапсырды. Апат себептерін жан-жақты тергеу және кінәлілерді анықтау маңызды екенін атап өтті. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне әкімдікпен және «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-мен бірлесіп, зардап шеккен және қаза тапқан кеншілердің отбасыларына көмек көрсету, ал Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне кәсіпорынды Қазақстан Республикасының пайдасына беру рәсімдерін аяқтау жөнінде шаралар қабылдау тапсырылды.

\*\*\*

Үкіметтік комиссия мүшелерінің баяндамаларын тыңдаған Президент апатты жою және кеншілерді құтқару үшін барлық шараны қабылдауды, сондай-ақ қаза тапқан және зардап шеккен азаматтардың отбасыларына жан-жақты көмек көрсету жөнінде тапсырма берді.

– Сіздердің міндеттеріңіз – адамдармен тікелей жұмыс істеу, кездесу, сондай-ақ жедел топты қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету. Біз қазір қалыптасқан жағдайды түсіндіру, ең бастысы, шешім қабылдау үшін жұмыла жұмыс істеуіміз керек. Жергілікті әкімдік тиісті шешім қабылдауды қажет. Кәсіпорынның сұраныстарына сүйене отырып, қажетті нәрсенің бәрін анықтаңыздар. Үкіметтік комиссия барлық мәселені пысықтауға тиіс. Мен не істеу керек екенін айттым. Әркім өзіне қатысты жұмысты біледі. Министрлер, басшылар өздерінің жұмыс тәсілдерін білуі керек. Президент әр оқиға сайын келіп, тапсырма береді деп күтін отыруға болмайды. Вадим Борисович Басинге кәсіпорынды басқаруды өз қолына алуды тапсырамын. Үкімет пен әкімдікке жан-жақты тиісті көмек көрсетуді, Төтенше жағдайлар министрлігіне мүдделі құрылымдармен бірлесіп, апат салдарын жою және кеншілерді құтқару үшін барлық шараларды қабылдауды тапсырамын. Ішкі істер министрлігі зардап шеккен адамдардың отбасыларымен жұмыс істеуі керек. Үкіметтік комиссияға азаматтардың қаза болуына әкеп соқтырған өрттің мән-жайын тергеуді, барлық кінәлілерді жауапқа тартуды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөздер: www.akorda.kz; primeminister.kz).





## САРАПТАМА

## Макронның тарихи сапары:

## ҚАЗАҚ-ФРАНЦУЗ ҚАТЫНАСЫ

## жаңа кезеңге аяқ басты

Ертең, 1 қараша күні Франция президенті Эммануэль Макрон елімізге ресми сапармен келеді. Екі ел басшыларының кездесуінде Қазақстан-Франция арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және энергетика саласындағы ынтымақтастық тақырыбы сөз болады. Француз президентінің бұл сапары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен жүзеге аспақ. Президент Макрон Қазақстанға жасағалы отырған сапарын «тарихи» деп бағалады. Олай деуіне де өзіндік қисын-себебі түгел. Ең алдымен, бұл оның Франция президенті ретінде Қазақ жеріне, тіпті Орта Азияға алғаш қадам басуы. Енді бір жағынан бұл сапары қазіргідей күрделі халықаралық жағдайға қарамастан қазақ-француз қарым-қатынасының жаңа бір сатыға көтерілгеніне дәлел болғалы отыр.

СӘЛЕМ ХАТ  
ДИПЛОМАТИЯСЫ

Франция президентінің Қазақстанға жоспарлаған сапар уақыты жақындағанда елімізде қайғылы оқиға болды. Қарағандыдағы Костенко шахтасында апаттан 46 шахтер көз жұмды. Осыған орай президент Макрон қазақ тілінде көңіл айту хатын жолдады. Ол азаматтарынан айырылып, көңілі қаралы, жүрегі жаралы отырған елімізге қайғыра көңіл айтатынын білдірген.

Хатының нақты мазмұны мынадай: «Барша қазақстандықтарға деген достық пейілдімді жеткізу мақсатындағы Қазақстанға тарихи сапарыма бірнеше күн қалғанда елдің шахталарының бірінде болған қайғылы хабарды терең мұнмен қабылдадым. Барлық қазақстандықтардың туыстары мен жақындарына көңіл айтамын».

Бұл хат, әрине, қайғылы жағдайға жіберілген көңіл айту хаты болғанымен, француз дипломатиясының үкілі үмітін де алып жетті. Өзі сапарлағалы отырған елдегі қайғылы оқиғаның, әрине, оның кезекті сапарына сыртқы тұрғыдан әсері болатыны да белгілі. Франция тарапы мұны ескермей отырған жоқ.

Жалпы, Франция басшысы –

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен тығыз қарым-қатынастағы шетелдік лидерлердің бірі. Бұдан тура бір жыл бұрын өткен кездесулері де аса жоғары деңгейде болған еді. Қазақстан Президенті ретінде Франциядағы алғашқы сапарында Қасым-Жомарт Тоқаев мейманды қарсы алудың жоғары ілтипадына бөленген. Сол кездесуде ол әріптесі Макронмен екі сағаттан астам уақыт бетпе-бет әңгімелесіп, көптеген мәселелерде пікір алмасқан болатын. Турасын айтқанда, Франция президентінің Қазақстанға ресми сапармен келуіне де осы кездесу түрткі болғаны анық. Сол кездегі ресми мәліметтерде тараптар екі ел қарым-қатынасынан тыс, халықаралық жағдайларға қатысты да емен-жарқын пікір алмасқаны айтылған еді.

Ал осы жылдың көктемінде Франция президентінің арнаулы өкілі Изабель Дюмон ханым президент Макронның жылы лебізді сәлем хатын алып Астанаға келген. Қабылдау кезінде Мемлекет басшысы қазақ-француз қарым-қатынасының даму қарқынына ризашылығын білдірген. Дюмон ханым сәлем хатпен бірге президент Макронның ауызекі сәлемін де жеткізіп, Париж бен Астана ортасында стратегиялық серіктестікті дамытуға



мүдделі екендіктерін баса белгілеп қайтқан. Міне, осылайша қазақ-француз қарым-қатынасының жаңа қарқын алуына «сәлем хат дипломатиясының» да өз әсері бар.

ТАРИХИ САПАР: ТАСАДАҒЫ  
ТАРТЫСТАР

Франция – Еуропалық Одақ ішіндегі локомотив елдердің бірі. Әрі әлем экономикасы мен халықаралық қатынастардағы ықпалды ел саналады. Ядролық держава екенін айтпаған күннің өзінде, Франция Шығыс пен Батыс арасындағы қызу нүктелерге әсер ететін күш ретінде де бағаланады. Оның Қазақстанмен немесе Орта Азиямен қарым-қатынасы сырт көздің қаперінен тыс қалмасы анық. Сондықтан да Макронның кезекті сапарының жай-жапсарын, арқау-астарын сан-саққа жүгіртіп жатқандар да жоқ емес. Ең әуелі бұны аймақтағы Ресейдің дәстүрлі ықпалына қарсы жана әрекет ретінде бағалау шығатындар да бар. Ірі державалардың бәсекесі қызып тұрған шақта, бұндай көзқарастардың айтылуы да таңқаларлық жайт емес.

Президент Макрон Астанадан шығып, сапарының екінші аялдамасы ретінде Ташкентке ат басын бұрмақ. Бұл ресми Париждің Қазақстанды қамтыған геосаяси аймаққа салмақты бір қадам жасап отырғанын көрсетіп тұр. Табиғи ресурстарға, мол шикізатқа ие, әсіресе уранға бай Орта Азия елдерімен экономикалық байланысты тереңдету – Франция президентінің кезекті сапарының тағы бір мәні.

Орта Азия сапарының мақсаты жайында Макрон өз еліндегі ақпарат құралдарына да пікір бөліскен. Ол Қазақстан мен Өзбекстанға осы елдердегі «реформалар мен модернизациялау күш-жігеріне» көмек көрсетіп, «Еуропамен байланыстарын нығайтуға» деген ұмтылысын қолдау таңытуға мақсат етіп бара жатқанын айтқан.

Әрине, ресми сөздер осылай болғанымен, Франция басшысын Қазақстан мен Өзбекстанның бай уран қоры көбірек қызықтырады. Елінде 56 ядролық реакторы бар Франция электр қуатының үштен екі бөлігін АЭС-тен алады. Бұған дейін де әлемде уран өндіруде көшбасшы болып келген Қазақстан

Францияны шикізатпен қамтушы негізгі ел болған. Нигердегі төңкерістерден кейін Франция тіпті де орта-азиялық уран қорына зәру бола түсті.

«Еруліге – қарулы» дегендей, біздің де ішкі-сыртқы саяси хәм экономикалық мүддеміз тұрғысынан француздың қолдау-көмегі немесе нарығы қызықты.

Міне, осындай тең екіжақтылық мүдделілік тараптардың арасын жақындатып келеді. Әсіресе, біз үшін француздардың АЭС салудағы, оны пайдаланудағы мол тәжірибесі аса маңызды. Тіпті, Тоқаев – Макрон келіссөздерінде бұл мәселе де талқылануы мүмкін деген болжам да бар. Уранға бай Қазақстанның АЭС арқылы энергия тапшылығынан құтылуы болашақтың еншісінде ғана тұр. Бірақ ел ішінде АЭС-ке және оны қай елге салдыруға қатысты дау-шар ауық-ауық туып келеді. Мұндай тұста Франция сынды елдің жоғары жетекшілерімен болған кездесу еліміздің болашағына, энергетикалық тәуелсіздігіне қатысты мәселені талқылап жатса, тіпті де қуанарлық жайт.

Дегенмен, Франциялық басшылар Макрон сапарының Мәскеуге қатысты әсер-ықпалын да сөз етуде. Бұдан тыс Орта Азиядағы адам құқығы, сөз бостандығы мен демократияның даму деңгейіне қатысты мәселелерді көтеріп, Франция президентіне ықпал еткісі келіп жатқан тараптар да бар. Қазақ-француз қарым-қатынасы, міне осындай аумалы-төкпелі әрі талас-тартысты кезеңде өзінің жаңа бағыт-бағдарын айқындағалы отыр.

Естай  
БОЖАН,  
сарапшы.

## МӘСЕЛЕ

## АЖАЛ СИМВОЛЫНЫҢ АҚЫРЫ

## «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорнына меншік құқығы мемлекет пайдасына беріле ме?

Елімізде 28 қазан қайғылы, қаралы күн ретінде есте қалды. Тағы да «АрселорМиттал». Астанадағы «LRT» жемқорлық символына балаңса, Қарағандыдағы «АрселорМиттал» ажал символына айналды. Әлі күнге дейін «ескі Қазақстанның» сүрлеуінен арыла алмай келеміз. Технологиялық апаттар үнемі бола береді. Десе де, адам өмірі қиынға тиеуі тиіс. Бірақ бұл жолы олай болмады. Қаншама отбасы, әулет қара жамылды. Отағасынан, әкесінен, асыраушысынан айырылды...

## БҮЛ БІРІНШІ РЕТ ЕМЕС...

29 қазан бүкіл ел болып аза тұттық. Мемлекеттік тулар түсірілді. Бұқаралық ойын-сауық шаралары өткен жоқ. Статистикаға жүгінсек, бұл тәуелсіз еліміздің тарихындағы он үшінші аза тұту күні екен. Желідегі ашық ақпарат бойынша соңғы 15 жылда онда оннан астам ірі техногенді апат болған.

• Ең алғашқысы, 2006 жылы 20 қыркүйекте орын алды. Сол оқиғадан кейін аза тұту күндері жарияланатын болды. «АрселорМиттал Теміртауға» тиесілі Ленин атындағы шахтада орын алған техногенді апаттан соң алғаш рет аза тұттық. Метан жарылысынан 41 адам мерт болып еді. Әйтсе де, мұны тағдырдың жазуы мен кездейсоқтық деп айтуға тіл бармайды.

• Араға екі жыл салып 2008 жылы 14-16 қаңтарда аза тұту күні бекітілді. Тағы да Қарағанды облысы. 11 қаңтарда Абай қаласындағы шахтадағы апаттан соң 30 шахтер мерт болды;

- 2010 жыл 11 наурызда Қызыл-ағашта ірі су тасқыны болды. Апаттан 45 адам қайтыс болды;
- 2012 жылы екі қайғылы оқиға болды. 28 мамырда «Арқанкерген» шекара бекетінде шекарашылар мерт болып, 5 маусымға аза тұту күні бекітілді. 25 желтоқсанда Шымкент қаласында АН-72 әскери ұшағы апатқа ұшырады;
- 2013 жылы жолаушылар ұшағы құлап, 21 адам мерт болды;
- 2016 жылы 5 маусымда Ақтөбеде бір топ құрық бұзушылар екі қару-жарақ дүкені мен әскери бөлімге шабуыл жасады. Террористік актіден соң 9 маусым аза тұту күні ретінде бекітілді;
- 2019 жылдың желтоқсанында Bek Air әуе компаниясына тиесілі жолаушылар ұшағы құлады. Апаттан 12 адам мерт болды. Президент 28 желтоқсанда аза тұту күні деп жариялады;
- 2020 жылы 13 шілдеде коронавирус құрбандарын еске алу күні өтті;



(Фотос: ortcom.kz)

- 2021 жылы 26 тамызда Жамбыл облысындағы әскери бөлімнің қоймасында от тұтанып бірнеше жарылыс орын алды;
- Былтыр Қаңтар оқиғаларында ресми мәлімет бойынша 238 адам қайтыс болды. Соған орай 10 қаңтар аза тұту күні ретінде жарияланды;
- 2023 жылғы 8 маусымда «Семей орманы» резерватында өрттен 14 адам ажал құшты.
- Енді міне, биыл тағы да «Арселор» тиесілі Костенко шахтасында апат орын алды. Бұл жолы облыс тарихындағы техногендік апаттан ең көп адам мерт болған жағдай тіркелді. 29 қазандағы 22.30-дағы мәлімет бойынша 45 адам бақилық болды.

ЗАҢСЫЗДЫҚ  
АУЫЗДЫҚТАЛУЫ ТИІС

28 қазан күні таңертең орын алған апаттан соң жағдайды Мемлекет басшысы бірден қолға алды. Үкіметке, құзырлы органдарға дереу шешім қабылдап, шұғыл шара қолдануға, «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен инвестициялық ынтымақ-

тастықты тоқтатуға тапсырма берді. Бұл аталған компанияның мемлекет меншігіне өтетінін білдіреді.

Национализация – кең тараған экономикалық саясат. Адам Смит негізін қалаған классикалық, либералды экономикалық теорияға сай келмейді. Десе де, кейінандық экономикалық теорияға сай келеді. Теорияны мемлекеттік басқаруда АҚШ Президенті Т.Рузвельт қолданған. Ұлы депрессия кезінде америкалық экономиканы дағдарыстан шығарған. Ол экономикадағы мемлекеттің рөлін кеңейтуге негізделді. Алайда, уақыт көрсеткендей ұзақ уақыт мемлекет кәсіпорындарды тікелей басқара алмайды. Себебі, ең нашар менеджер ол мемлекет. Мемлекет иелігіндегі кәсіпорын уақыт өте келе өзгерістерге бейімделу қабілетінен айырылады. Соған қарамастан дәл қазіргі жағдайда бұл қажет шешім. Біздің болжамға сәйкес сенімді инвестор таппағанға дейін «АрселорМиттал Теміртау» мемлекет иелігінде қалады.

Екіншіден, біздің жағдай ерекше. Былтырдан бері елімізде монополизация саясаты жүргізілуде. Яғни заңсыз жекеге өтіп кеткен бизнес

объектілері мемлекет иелігіне өтеді. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен инвестициялық ынтымақтастықты тоқтату жайлы шешім экономиканы монополизациялау аясында жүзеге аспақ. Себебі, мемлекет меншігіндегі кәсіпорын арзан бағаға жекеге өтіп кеткен деген рас-талмаған ақпарат бар.

Үшіншіден, бұл кейс отандық қана емес, шетелдік инвесторларға ескерту болмақ. Яғни инвесторлар тек жеке табысты қана ойламай, елдің занын құрметтеуі тиіс. Ал заң қарапайым азаматтар мен жұмысшылардың жағында. Бәрінен де адам өмірі қымбат. Сондықтан барлық кәсіпорындарда қауіпсіздік сақталуы тиіс. Яғни техникалық жағынан жаңартылуы қажет. Сонымен қатар, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту міндеті де инвесторларға қойылуы мүмкін.

• Жоғарыда жазғанымыздай, өндірістік апаттар соңғы 15 жылда жиі болуда. Мұның бәрі жұмысшылардың құқығын қорғайтын кәсіподақтардың жұмысын жандандыру керек екенін көрсетті. Себебі, қазір кәсіподақтардың беделі түскен. 2011 жылғы Жаңаөзендегі оқиғадан кейін бұл қоғамдық институт жойылуға шақ қалды. Енді осы оқпалықты түзету қажет.

Пердехан  
ШӘМШИЕВ,  
сарапшы.





## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



## ЖАҢА БАҒЫТ: №247

қала маңына қатынайды

Ағымдағы жылдың 30 қазанынан бастап көлік желісіне қала маңына қатынайтын №247 бағыт бойынша 4 автобус жолға шығады. Жаңа бағыт «Бұрылатын алаңы Төле би – Яссауи – Мыңбаев кенті» сызбасы бойынша қозғалатын болады.

Жолаушылар мен жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау Ережелеріне сәйкес қызмет «Алматы трансавто» ЖШС тасымалдаушысына берілді. Аталған бағытта көліктік қызмет көрсету үшін сыйымдылығы шағын Isuzu Ie-60 маркалы автобустар жүретін болады.

Айта кетерлігі, Алматы агломерациясын дамыту аясында 2023 жылы Алматы қаласының Мобильділік басқармасы 25 елдімекенді қамти отырып, қала маңында 10 жаңа бағыттарды ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Бұған дейін 4 бағыт іске қосылған – бұл №223 «Саяхат – Нұра және Туғанбай ауылдары», №233 «Қараой – Саяхат ауылы», №240 «Батыр ауылы – «Адем-1» СУ, Солтүстік айналым көшесі, №236 «Төле би – Яссауи бұрылыс алаңы – Қарғалы кенті». Қалған маршруттар әзірленуде.

Бұдан басқа, Алматы және Алматы агломерациясын дамыту жоспарына сәйкес 2024 жылдың соңына дейін қала маңына қатынайтын 20 жаңа бағыттарды ұйымдастыру жоспарлануда, олардың есебінен 50 елдімекен көлікпен қамтылатын болады.

## МӘСЛИХАТ

## «Мен де сайлауға үн қостым»

Өткен жексенбіде Алматыда және еліміздің тағы 10 өңірінде мәслихат депутаттарын сайлау науқаны өтті. Дауыс беру сағат таңғы 07.00-де бір минут үнсіздік жариялап, қаза тапқан кеншілерді еске алумен басталып, кешкі 20.00-ге дейін жалғасты.

Нұржамал  
ӘЛШЕВА

Алматыда №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына мәслихат депутатын сайлау үшін барлығы 42 сайлау учаскесі ашылды. Яғни азаматтардың тұрғылықты тіркелген жері бойынша 28 учаске, мамандандырылған мекемелерде 14 учаске құрылды. Бюллетеньде 6 үміткер болды. Барлық сайлау учаскесінде дауыс беру тәртібі мен мәслихат депутаттығына үміткерлер туралы ақпараттар орналастырылды. Сайлау учаскелерінде байқаушылар, кандидаттардың сенімді өкілдері және БАҚ өкілдерінен құралған 103 адам отырды.

Дауыс беру учаскелерінің бәрінде халықтың барлық тобы



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

үшін қажетті жағдайлар жасалды. Мәселен, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін де колжетімді орта ұйымдастырылды. Дауыс беру тәртібі туралы ақпарат бар аудиороликтер, сондай-ақ көзі нашар көретін азаматтар үшін кандидаттардың өмірбаяндық деректері дайындалды. Арнайы кабина жабдықталып, оған құлаққаптар, компьютер, лупа, арнайы трафареттер ұсынылды.

– Менің көзім нашар көреді. Учаскеме келгенде мені қарсы алып, кабинаға дейін шығарып салды. Үлкейтіп көрсететін әйнек берді. Сайлауды әрқайсымыз үшін маңызды қадам деп санай-

мын. Өйткені, біз дауыс беру арқылы болашаққа қадам жасаймыз, – дейді №86 сайлау учаскесінде дауыс берген алматылық Любовь Иванова.

Дауыс берушілердің басым бөлігін жастар мен зейнеткерлер құрады дейді мамандар.

Көптеген сайлау учаскесінде алғаш рет дауыс беріп отырған жас сайлаушыларға «Қазақстан» кәмпиті ұсынылды.

Байқаушылардың айтуынша, сайлауда құқық бұзушылық болмады. Жалпыұлттық аза тұту күні болғанына қарамастан, алматылықтар сайлауға жауапкершілікпен қарады.

## «ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

## БҰЛ – БІЗДІҢ ҚАЛА!

Алматының ең жас ауданында гүлзар саны артады

Наурызбай ауданының «Қалқаман» ықшамауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында ауданы 0,8 га гүлбақ құрылысы жүргізілуде.

Күралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Қалқаман» шағынауданы халық көп шоғырланған аймаққа жатады. Сол себепті, мұнда халық игілігі үшін қажетті инфрақұрылымдардың, балаларға арналған ойын алаңдарының болуы міндетті. Осыдан біраз уақыт бұрын қалқамандықтар өз аудандарында балалар ойын алаңдарының тапшылығы, тіпті серуендеу аймақтары, аллеялар мен алаңдар жоқ екенін айтып, құзырлы орындарға хат жазған болатын.

Кейіннен «Халық қаты-



ФОРМА

сатын бюджет» бағдарламасының арқасында балалар ойын алаңының құрылысы басталған-ды. Оны биылғы 15 қарашада аяқтау жоспарлануда.

«Қалқаман» 8, 10 мекенжайы бойынша жаяу жүргіншілер аймағын, автоматтандырылған суару жүйесін, сыртқы жарықтандыру, көгалдандыру желілерін, көше жиһаздарын және балаларға арналған ойын-спорттық тренажерлерді орнату көзделген.

Демек, жақын күндері аталған аймақтарда өрмелеу, үйлер, слайдтар, лабиринттер, туннельдер, құмсалғыштар, баспалдақтар, торлар және т.б. әртүрлі элементтерден тұратын ойын алаңы пайда болады. Мұндай жабдықтар баланың әлеуметтік бейімделуіне жағымды әсер ете отырып, физикалық және ақыл-ой дамуына ықпал ететін, сонымен қатар, бос уақытты тиімді пайдалануға, жалпы, балалардың жақсы демалуына септігін тигізетін сөзсіз.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 2023 жылы Наурызбай ауданы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын іске асыруға қосымша 875 млн теңге алды. Бүгінде ауданда 2,7 млрд теңгеден астам сомаға 67 жоба іске асырылуда.

Айта кетейік, қала әкімі қосымша қаржыландыру туралы шешімді осы бағдарламаның тиімділігі мен қала тұрғындарының оң пікірлерін ескере отырып қабылдаған болатын.

## ҚҰҚЫҚ

## ҚАРЫЗ ШАРТЫ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

5 мыңнан астам алматылық банкроттыққа өтініш берген

Оның 5603-і (97,8%) қаралған, 4526-сы кері қайтарылды. Өтініш берген 527 азаматқа қатысты соттан тыс банкроттық рәсімі басталды, бұл келіп түскен өтініштердің 9,2%-ын құрайды. 4526 өтініш бойынша азаматтар соттан тыс банкроттықты бермеу туралы хабарлама алды. 550 азамат банкрот деп танылды, бұл түскен өтініштердің 9,6% құрады. 127 өтінішке қатысты тексеру жүргізіледі және қаралуда.

Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» Заңды іске асыру шеңберінде 2023 жылғы 3 наурыздан бастап 23 қазанға дейін 5730 өтініш түсті, – деді Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің берешекпен жұмыс басқармасының басшысы Айдос Талғатұлы Бұдығұлов.

Өтініш берген 527 азаматқа қатысты соттан тыс банкроттық рәсімі басталды. Бұл – келіп түскен өтініштердің 9,2 пайызы. 4526 өтініш бойынша азаматтар соттан тыс банкроттықты бермеу туралы хабарлама алды.

«Бас тартудың негізгі себебі – кейбір қарыз шарттарына сәйкес келмеуі. 550 азамат банкрот деп танылды, бұл – түскен өтініштердің 9,6 пайызы. 127 өтінішке қатысты (бұл – барлық келіп түскен өтініштің 2,2%-ы) тексеру жүргізіледі және қаралып жатыр», – деді спикер.

Қазір сот банкроттығына қатысты 32 өтініш бойынша іс қозғалды. Оның ішінде 24 азаматқа банкроттыққа азаматтық іс қозғау туралы сот ұйғарымы шығарылды. 8 азаматқа сот банкроттығы қолданылды.

## ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

## «МЕДЕУ – ШЫМБҰЛАҚ»

жолымен өтудің тәртібі белгіленді

Құлаған тастардың зардабын жою мақсатында «Медеу – Шымбұлақ» автожолымен өтудің тәртібі белгіленді.

1 қарашада аспалы жол іске қосылғанға дейін электромобиль мен такси жүргізушілері кіре алады. Сондай-ақ, жаяу жүргіншілерге мына уақытта: 09.00-ге дейін, 12.00-ден 14.30-ға дейін және 18.00-ден кейін кіру қолжетімді болады.

Аспалы жол іске қосылғаннан кейін (1 қарашадан бастап) электр көлігі мен такси жүргізушілеріне сағат 09.00-ге дейін және сағат 18.00-ден кейін кіруге рұқсат етіледі. 13.00-ден 14.00-ге дейінгі кезеңде техникалық қызметтердің арнайы көлігі үшін кіруге рұқсат етіледі.

Сонымен қатар, «студенттік соқпақ» арқылы жаяу серуендеуге болады. Қозғалысты шектеудің белгіленген кестесі ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін жалғасады. Оның өзгергені жөнінде қосымша хабарланады.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.







## ЦИФРАНДЫРУ

Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында теориялық емтихан тапсырудың жаңа ережелері енгізілді. Енді емтихан қабылдаудағы ұйымдастырушылық-технологиялық процестерін Мемлекеттік корпорация жүзеге асырады. Бұрын мұны аутсорсингтік компаниялар жасайтын еді.

## Емтихан тапсырудың жаңа ережесі

Бұл жаңашылдық «Азаматтарға арналған үкіметтің» мамандандырылған ХҚО-ларда клиенттердің сапасыз қызмет көрсету туралы шағымдарының жиі түсуімен байланысты. Осындай келеңсіздіктерді жою үшін Мемлекеттік корпорация тестілеу үдерісін дербес ұйымдастыруға шешім қабылдады. Осылайша тестілеудің сапасы ғана емес, қауіпсіздігі де артты.

Бұл ретте бұрын теориялық тестілеу Жол қозғалысы ережелері 2.0 жүйесі арқылы жүргізілгенін атап өтеміз. 16 қазаннан бастап Мемлекеттік корпорация жол қозғалысы ережесінің жаңа 3.0 жүйесіне көшті. Оның арқасында жүргізуші куәлігін алу процесі ашық әрі әділ өтуде.

Теориялық емтиханды тапсыру кезінде тестілеу барысын аудио және бейнежазбаға түсіру мүмкіндігі жүзеге асырылғанын айта кеткен жөн. Биометриялық жеке сәйкестендіру жүргізуші куәлігін алуға емтихан қабылдау қағидаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес те жүргізіледі.

Сонымен қатар, Мемлекеттік корпорация бұған дейін емтихан қабылдау бөлмелеріне бейнебақылау енгізген болатын. Бұл ретте кез келген адам күту залдарында да, онлайн-режимінде де өтіп жатқан емтиханды көре алады. Көмекші құрал-жабдықтарды пайдаланып ұсталған клиенттер 3 айға емтихан тапсыру құқығынан айырылғанын айта кеткіміз келеді.

Естеріңізге сала кетсек, емтиханнан өтпеген жағдайда келесі жұмыс күні теорияны қайта тапсыруға болады. Егер сынақты екі рет теріс нәтижемен тапсырса, қайта тапсыру тек бір айдан кем емес мерзімде жүзеге асырылады.

Нұр ЖАМАЛ.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

## «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»

грантының иегерлері марапатталды

25 қазан – Республика күні аясында «Тәуелсіздік ұрпақтары» грант иегерлері марапатталды. Биыл Алматы қаласында тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған жобадан 13 жас 1 000 000 теңгенің иегері атанды.

Ернұр  
РЫСБАЙ

2021 жылы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жастармен кездесуде «Тәуелсіздік ұрпақтары – жаңа Қазақстанның басты символы» деп, жастарға үлкен сенім артқан болатын. Сол жылдан бастап Мемлекет басшысы тағайындаған «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты жүзеге асырылып, жастардың жігерлі бастамаларына қолдау көрсетіліп келеді.

Жоба Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Алматы студенттер Альянсы» ҚҚ ұйымдастырылды. Грант берудің мақсаты – белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын мемлекеттік қолдау болып табылады. Конкурста Алматы қаласының 14–35 жас аралығындағы жастарынан 100-ден астам өтінім келіп түсті. Арнайы комиссия бағыттар бойынша жұмыстарды бағалап, үздіктерді анықтады.

Гранттар бизнес, мәдениет, медиа, ақпараттық технологиялар, ғылым бағыттарында берілді. Жеңімпаздар өз идеяларын бір жылдың ішінде жүзеге асырып, есеп тапсырып отырады. Жеңімпаздарды марапаттауға Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы Мейіржан Батырбекұлы, мәслихат депутаттары және қоғам белсенділері қатысты.



Мейіржан Батырбекұлы жоба жеңімпаздарын Республика күнімен құттықтап, жылы лебізін білдірді:

«Биыл тұңғыш рет Алматыда жастардың бастамаларын қолдау үшін «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын жергілікті деңгейде ұйымдастырдық. Бұл жаңа бастамаларға үлкен қолдау. Бүгін жүзден жүйрік, мыңнан оза шауып, жеңімпаз атанған жастарды шын жүректен құттықтаймын! Жобаларыңыз сәтті жүзеге асып, қоғам үшін қызмет ете берсін!».

Еске сала кетейік, жобаға өтінімдер қабылдау Халықаралық жастар күніне орай басталса, Республика күніне орай өз мәресіне жетті.

Мәдениет бағыты бойынша жеңімпаз Агерке Тұрарбек: «Алматы Технологиялық университетінің 1-курс магистрантымын, Жеңіл өнеркәсіп және Дизайн саласында білім алып жатырмын. Осы жобаға ұлттық элементтері бар сырт киім коллекциясын жасау жобасын ұсындым. Осы жобаны ұйымдастырушыларға, комиссия мүшелеріне өте ризамын, алғыс айтамын. Республика күні құтты болсын!», – деп өз әсерімен бөлісті.

Жеңімпаздар сертификатпен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

## БРИФИНГ

## КӘСІПКЕРЛЕР негізсіз қудаланбауға тиіс

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті брифингке Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының басқарушы директоры Мейрамбек Қаныбеков қатысып, ҚР-ның заңнамасы кәсіпкерлердің құқығын қалай қорғайтыны туралы тарқатты.

Нұржамал  
ӘЛШЕВА

Естеріңізге сала кетейік, ел Президенті 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында қылмыстық және қылмыстық-іс жүргізу кодекстеріне ревизия жүргізуді және іс жүзінде жұмыс істемейтін немесе сот төрелігіне кедергі келтіретін барлық нәрселерден арылуды тапсырған болатын. Сондай-ақ, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өткен еді. Атап айтқанда, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстерін тексеру, оның ішінде бизнес істеріне өз бетінше араласу фактілеріне және лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланудың өзге де түрлеріне жол бермеу мәселелері айтылды.

Брифинг спикері өз сөзінде ҚР ҚК 23 және 36-баптарында белгіленген оңалту институттарына тоқталды. Оның айтуынша, аталған баптарда жазықсыз зиян келтіргені үшін және негізделген тәуекел кезінде адамды қылмыстық жауаптылықтан босатудың толық және жеткілікті айқын негіздері көрсетілген.

«Өздеріңіз білетіндей, қылмыстық қудалау орбитасында жүрген кәсіпкерлердің көпшілігі, бизнесті жүргізу кезінде орын алған тәуекелдер туралы дәлелді дәлелдеріне қарамастан, экономикалық және салықтық қылмыстық құрам бойынша негізсіз кінәлі деп танылады. Дәл осы санаттағы істер туралы Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында атап өтті. Айта кету керек, еліміздің Жоғарғы сотының нормативтік қаулылары осы оңалту нормаларына нақты және біржақты түсінік бермейді», – деді М.Қаныбеков.

Сондай-ақ, спикер осы жылдың өткен кезеңінде қылмыстық қудалаудың барлық органдары ақталмайтын



негіздер бойынша барлығы 2551 қылмыстық істі, ал ақтайтын негіздер бойынша 3503 істі тоқтатқанын айтты.

«Егер кәсіпкерлерге қатысты 149 іс тергелсе, ақталмайтын негіздер бойынша кейіннен 5 іс, ал оңалту негіздері бойынша барлығы 12 іс тоқтатылды. Сонымен қатар, олардың ешқайсысы бойынша ҚК-нің 23 және 36-баптары, яғни жазықсыз зиян келтіру немесе негізделген тәуекел тоқтатуға негіз болған жоқ. Бірақ 2015 жылдан бастап Қылмыстық кодексте іс жүргізу келісімі институты қылмыстық жауапкершіліктен босатудың негізі ретінде қауіпсіз түрде пайда болды, оған ұзақ мерзім қылмыстық қудалауда болған барлық дерлік кәсіпкерлер келіседі. Бірақ бұл оларды ақтамайды. Субъектінің кінәсі қалады, соған сай, оны сотқа дейінгі кезеңде қылмыстық жауапкершілікке тартылғаны туралы Құқықтық статистика органдарында белгі қалады», – деді ол.

Сөзін қорытындылай келе, спикер ҚК-тің жоғарыда аталған екі бабы да мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылуы қажет екенін қосты: «Кәсіпкерлерге қатысты істер бойынша осы негіздерді қолдану олардың барлық дәлелін мүқият зерттегеннен кейін міндетті болып саналады».

Оның пікірінше, осындай жағдайда ғана елдің құқық қорғау органдары мен соттары бұл институтты тиісті түрде қолданатын болады. Бұл, әрине, қылмыстық процесте кәсіпкерлердің құқығын толық қорғауға, оларды негізсіз және ұзақ мерзімді тергеулерден қорғауға ықпал етеді.

## ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

«Қазгидромет» РМК болжамы бойынша, 31 қазаннан 1 қарашаға қараған түні Алматы қаласында жауын-шашын сілбі қарға ауысады деп күтілуде. Түнде ауа температурасы -3 градусқа дейін төмендеп, көктайғақ болжануда.

## АБАЙЛАҢЫЗ, КӨКТАЙҒАҚ!

Алматылық көлік жүргізушілерге дөңгелектерді ауыстыру ұсынылды

Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Осыған байланысты Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы мамандары көлік иелеріне жазғы шиналарды қысқы шиналарға ауыстыру ұсынып отыр.

Коммуналдық қызметтердің көктайғаққа қарсы жұмыстарды жедел және сапалы жүргізуін қамтамасыз ету мақсатында автокөлік иелерінен мүмкіндігінше қала бойынша қозғалысты шектеуді сұрайды.

Жолдардың жүріс бөлігінде мұз қабаты пайда болуы мүмкін, сондықтан жүргізушілер қозғалыс жылдамдығын төмендетіп, автомобильдер арасындағы қашықтықты сақтап, апат қаупінің жоғарылауын ескере отырып, кенеттен маневр жасаудан аулақ болу керек. Жаяу жүргіншілер де мұз қабығының пайда болуына байланысты тротуарда жүргенде абай болу керек.

Коммуналдық даму басқармасы көктайғаққа қарсы жұмыстарды жүзеге асыру үшін Алматы қаласының инфрақұрылымына 10 мердігер ұйым, 818 бірлік техника мен 1240 жол жұмысшысы тартылды. 76 тонна көктайғаққа қарсы материалдар дайындалды.

Ағымдағы жылы техниканы жаңарту және еңбекті механикаландыру мақсатында 101 бірлік техника сатып алынды. Барлық техника – әмбебап, әрі қысы-жазы қолданылатын болады.





СІЗ ҚАЙДА ЖҮРСІЗ?

# «АМЕРИКАДА ҚАЗАҚ ӘНІ ШЫРҚАЛАДЫ»

## Композитор, әнші Марат Омаров Американың Лос-Анджелес қаласында тұрып жатыр

Бір кездерде тамылжыған әндерімен жүректі жаулаған Марат Омаров сахнаның сәні еді. Жастардың думанды ортасы, мерекелік ән кештері дейсіз бе, «Тамаша» ойын-сауық отауы осы Мараттың қатысуынсыз өтпейтін. Той-томалақта міндетті түрде «Әке туралы ән», «Анашым», «Ойна, жастар!», «Алғашқы махаббат», «Наурыз» әндері кеңінен шырқалып жатса, «Қыз сыны» әні сұлулар байқауының бойтұмарына айналған еді. Сол бір көркем, көпшіліктің көңілінен шыққан, әні мен сәні келіскен, серілердің сынығы композитор, әнші Марат Омаров қазір қайда жүр екен?.. Біз іздеген сахна серісі мұхит асып кеткендіктен, әлеуметтік желі арқылы ғана сұхбаттасудың сәті түсті. Сонымен, сіз қайда жүрсіз?..

### КӨПТЕГЕН ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРДЫҚ

– Соңғы кездері тыңдаушыларыңыз сізден көз жазып қалды. Сахнадан көрінбей кеттіңіз? Естүмізше, қазір тым алыста тұрып жатқан көрінесіз. Мұндай қадамға қалай бардыңыз?

– Иә, отбасыммен Американың Лос-Анджелес қаласында тұрып жатқаным екі жылға жуықтады. Бұл жаққа да үйрене бастадық. Бір қызығы, мұнда қыс дегеніңіз мүлдем болмайды екен. Он екі ай бойы күн жып-жылы болып тұрады. Менің мұхит асып, басқа елге қоныс аударуымның басты себебі, қызымның өнерін шыңдау керек болды. Бибімериям деген қызымның үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жатқанынан хабардар шығарсыз. Қазақтың қаршадай қызы топ жарып, қазір заманауи биден үштіктің құрамына еніп отыр.

Бұл дегеніңіз – үлкен жетістік. Оның үстіне өзім де қарап отырған жоқпын. Осында продюсерлік орталық ашып, жұмыс жасап жатқан жайым бар. Америка дегеніңіз – шоу-бизнесіңіз отаны ғой. Осы уақыт ішінде американдықтармен бірлесіп, көптеген тың жобаларды іске асырдық. Бірнеше мәрте қайырымдылық концерттерін де өткіздік. Өзім осында келгелі Американың барлық қаласын аралап шықтым десем болады. Алыс елде жүрген соң ба, адам

бауырмал болып кетеді екен. «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмең істің бәрі бос» деп Ұлы Абай бабамыз айтқандай, осында тұрып жатқан барлық қазақты бауырыма тартып, басын қосып жатқан жайым бар. Туған Отаныңның қадірі алыста жүргенде айрықша сезіледі екен. Менің түсінгенім, туған жерден жырақта жүргенде елге деген, жерге деген сағыныштың да, құрметің де өзгеше болады.

Қазір өз елімізде алған тәрбие мен тектілікті, имандылықты өзге елге танытып, өзіміздің қазақ екенімізді танытып жатырмыз. Туған жерді сағынған сайын адамның шығармашылығы осы тақырыпта болатын сыйналы. Осындай бір шабыт үстінде «Қазақтар» деген ән шығарған едім. Онда «Қазақтар, батырсындар әлемге самғаған, қазақтар жалындыған, жүрегіңіз оты бар лаулаған, Қазақтар шарықтаудан қанаты талмаған» деген жолдар бар. Бұл ән қазақтың кім екенін төрткүл дүниеге танытып жүрген батыр ұл-қыздарымызға арналды. Республика күніне арналып, Вашингтонда өткен үлкен іс-шарада әннің тұсауы кесілді.

– Өзге елде өмір сүру үшін алдымен сол елдің тілін, мәдениетін білу керек қой. Өзіңіз тіл жағынан қиналып жатқан жоқсыз ба?..

– Әрине, ең алдымен, өз тілімде сөйлеп, ана тілімде ойлап әлемді шарлап жүргеніме қуанамын. Адам қайда жүрсе де, өз



тілін ұмытпау керек. Менің негізгі ұстанған қағидам осы. Бір жылдан бері Калифорниядағы орталық колледжде оқып жатырмын. Әрине, алпыстан асқанда өзге тілді оқып, меңгеру оңай емес екен. Өткен жолы әріптесім Майра Ильясова хабарласып, «Марат-ау, баяғыда 1-курста бірге оқып едік. Енді сенің студенттік шақты қайтадан бастап жатқаныңа қайран қалып, әрі қызығып жатырмыз. Алыстағы Америкада қалай қорықпай жүрсің?», – деп әзілдеп қояды. Кезінде атам қазақ «алпыс – тал түс» деді емес пе? Меніміше, 60–70 дегеніңіз адамның дер шағы, нағыз өнердің шыңдалатын кезі. Сондықтан жасарып, жаңарып жатқан жайым бар. Тегінде, адамның екінші тынысы ашылады деген сөзге бұрын мән бермеген екенмін. Қазір сол сөз рас па деп қалдым. Өйткені, ынтаңыз болса,

шындап ден қойсаңыз, тіл үйрену дегеніңіз түк емес екен. Маған аса қиынға түскен жоқ. Аз уақыттың ішінде жан-жақты меңгеріп алдым, қазір еркін сөйлеймін.

### ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗДЫ ҰЛЫҚТАСАМ ДЕП КЕЛДІМ

– Баспана мәселесін қалай, ол жақта үй-жай дегеніңіз қымбат емес пе екен?

– Мұндағы баспананың барлығы жалға беріледі екен. Әрине, үй дегеніңіз мұнда да қымбат. Әсіресе, жұмысы жоқ адамға қиын. Мәселен, үй алу үшін алдымен депозитіңіз болу керек. Алдымен бір жылға деп келісім-шартқа қол қоясыз. Сосын үйге қажетті барлық жиһаздарды да өзіңіз алуыңыз керек екен.

– Америкада тұрып жатқан қазақтардың өмірі туралы ай-

тып беріңізші. Олар немен айналысады? Жалпы, қалай өмір сүріп жатыр?

– Америкаға келгелі 20 шақты қалада болдым. Әр қалада қазақ диаспоралары бар екен. Әлгіде айттым ғой, осындағы қалаларды аралап, қазақтардың басын қосуға тырысып жатырмын. Қай қалаға барсам да, алдымнан шыққан кез келген қазақ менің барлық әндерімді жаттап алған. Туған бауырын көргендей қуана қауышып жатқаны. «Марат аға, сіз келіп, тура Қазақстанда жүргендей болдық қой», – деп жатыр.

Тіпті, менің концертіме «қазақша ән тыңдасын» деп балаларына дейін ертіп келгенін көргенде, көңілім босады. Менің мақсатым да осы еді ғой. Осында тұрып жатқан қазақтардың басын қоссам, ұлттық құндылығымызды ұлықтасам деп келдім емес пе? Менің жұмысымның саясатқа ешқандай қатысы жоқ. Менің жұмысым «Талантвиза», яғни өнер саласына қатысты. Мен 2000 жылдан бері бүкіл әлемдік композиторлар Ассоциациясының мүшесімін. Сондықтан өз салам бойынша еңбек етіп жатырмын.

Ал енді мұндағы бауырларымыздың өмір сүру жағдайына келсем, ол әркімнің өзіне байланысты ғой. Ерінбей еңбек еткен адам, қай жерде болсын, табысқа жетеді. Бөтен елге келгенде, кімге болса да, алғашқы кезде оңай болмасы анық. Өйткені, бұл жақта қол қусырып, шалқандан түсіп жату деген мүлдем жоқ. Адамдары шаруақор екен. Сондықтан келе сала, қазақтар да бұйырған жұмысты үйреніп жатыр.

Әсілі, «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деп, мұхиттың ар жағынан ана тілімде сұхбат берудің өзі маған зор қуаныш сыйлап отыр. Жеріміз қандай кең болса, жүрегіміз де кең ғой. Кеңдіктен жаралған соң пейілің де кеңдікті қалайды екен. Қазақ еліне, «Алматы ақшамына» рахмет! Елге сәлем айтыңыз!

– Сізге де рахмет!

Сұхбаттасқан  
Рая ЕСКЕНДІР.

КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

## ОҚЫРМАН ҰЛТ

### Алматы қаласы жастарының оқу белсенділігін арттыру жобасы іске қосылды

Биылғы өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Идеология жұмысындағы басты бағыттың бірі – кітап басып шығару ісі. Біз өскелең ұрпақты кітап оқуға баулуымыз керек» деп айтты. Осыған орай Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Оқырман ұлт» Алматы қаласы жастарының оқу белсенділігін арттыру жобасы іске қосылды.

Жобаның мақсаты – жастар мен жасөспірімдерге кітап оқуды насихаттау, кітап оқуға ынталандыру, сауатты жастардың санын көбейту, кітап таралымын жандандыру, соңғы шыққан заманауи кітаптармен, авторлармен таныстыру, жастардың бос уақытын кітап оқу арқылы тиімді пайдаланып сапалы мамандарды дайындау шығу.

Осы орайда қаламыздағы Жоғарғы оқу орындары мен колледждерде арнайы кітап жәрмеңкелерін, баспагерлер және кітап авторларымен кездесулер, кітап оқудың пайдасы туралы семинарлар өткізілуде. Осы жоба аясында 24 қазан Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ университетінде «Оқыр-

ман ұлт» кітап көрмесі өтті. Көрмеге кітап саласында жемісті еңбек етіп жатқан заманауи баспалар мен кітап дүкендері шақырылды. Атап айтар болсақ: «Мазмұндама», «Steppe&world», «КітапАл», «Қазына», «Marfu», «Olja Peak» эстетикалық кеңсе өнімдері, «Қасым», «Ziyat», «Қыр баласы», «Отбасы» баспа үйлері қатысты.

Студенттер мен оқытушыларға арналған кітап көрмесі таңертеңнен кешке дейін жалғасты. Танымал тележүргізуші Берік Көшербеқұлы жүргізген шараның ашылуы ҚазЭУ, Ғылыми кітапхана директоры Ақмарал Бекқызының сөзімен басталды. Шара барысында белгілі шығыстанушы, логотерапевт, «Бейсен және болмыс»,



«Өмірге ғашық болу», «Өркениетті адам», «Қуыскеуде» кітаптарының авторы Санжар Керімбай және «Жылдам оқы», «Мінезді өзгерту алхимиясы», «Әдет күші», «Супержады» кітаптарының авторы Мирас Кесебаевпен кездесу өтті. Авторлар «Кітапты не үшін және қалай оқимыз?» тақырыбында баяндама жасап, студенттердің түрлі сұрақтарына жауап берді.

Көрмеге қатысқан жастардың саны екі мыңнан асады. Студенттердің белсенділігі және кітапқа деген қызығушылығы «Жастар кітап оқымайды» деген пікірдің қате екенін көрсетіп берді. Шара соңында жастар отандық баспалармен байланыс орнатып, қолдарына том-том кітап құшақтап қайтып жатты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



# ЗЕР-ҒҰМЫР

Алтыннан зер салатын қолөнерші туралы жақсы сөз

Қазақ мемлекеттілігінің тарихы тек жылнамалар мен аңыз-әфсаналарда ғана емес, шебер зергерлердің жасаған алтын өрнектерінде де сақталып қалған. Сол зерлі өрнектерді, кестелі өнерді бүгінгі күнге жеткізіп, насихаттаудан талмай жүрген бір жан бар. Ол ұлттық қолөнерді жан-тәнімен сүйеді. Жойылып кетпесе екен деп, жанкешті өнердің көшін нәзік иығымен, нәзік болмысымен әлі күнге сүйреп келеді. Ол – Айжан Әбдубаит. Жарты ғұмырын зерлеу өнеріне және осы өнерді зерттеуге арнаған еліміздегі жалғыз қолөнерші, дизайнер-реставратор, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, «Жігер» фестивалінің лауреаты және алтын тігу өнерінің шебері, «Зерлеу» алтын тігіс авторлық үйінің негізін қалаушы.



Нұржамал ӘЛШЕВА

## ПОДИУМ СӘНІ

Қазақта «Зергер адам – зерделі адам» деген мақал бар. Бойына зер өнері қонған адамды зергер деп ерекше құрметтеген, бағалай білген. Жуырда Айжан ханым Алматы төрінде, дәлірек айтсақ, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында «Зер-ғұмыр» атты жеке көрмесін өткізді. Aizhan Abdubait қолданбалы өнер және «Зерлеу» алтын тігіс авторлық үйінің 30 жылдық мерейтойына арналған көрменің өтуіне Алматы қаласының әкімдігі үлкен қолдау көрсетті. Өнерді ұлықтап жүрген бірегей қазақ қызының «Бұл – киелі, соншалықты биік те бекзат өнер, сондықтан бекзат жерде өтсе деп едім» деген бір ауыз сөзін жерге тастамаған әкімдіктің атқамінер азаматтарына дән риза.

Көрмеге автордың өнер айдынында бірге жүрген әріптестері, достары және оның зерлі өнеріне тәнті болып жүрген қарапайым тұрғындар жиналды.

Подийға көтерілген модель қыз-жігіттер Айжан Әбдубаиттің өз қолымен, алтын жіппен зерленген шапан, қамзол, бешпет, көмшат бөрік киіп шықты. Қолөнершінің сиқырлы саусақтарымен зерленген көркем сәукекелер де көздің жауын алды.

## АҚСҮЙЕКТЕР БЕЙНЕСІ

Жалпы, зер өнерінің қашан және қай жерде пайда болғаны туралы нақты мәліметтер жоқ деседі. Қазақ даласына ол патша заманында келді дейді Айжан ханымның әріптесі, график, этнограф Ералы Оспанов.

«Бұл өнерді біздің далаға қазақ сұлтандары әкелді және ол тек билеуші таптың, ақсүйектердің өкілдеріне ғана тиесілі болды. Ерлердің мұрақ атты бас киімін тек хандар, сұлтандар мен билер киген, оны алтын және күміс жіптерді қолдана отырып, осы техникада кестелеген. Көптеген жылдардан кейін бұл қолөнер халық арасына сіңісіп кетті. Содан кейін «зерлеу» киімдер мен бас киімдерді ғана емес, сонымен қатар тұрмыстық заттарды да безендіре бастады», – дейді Е.Оспанов.

## ЗЕР мен ӘР

Көрмеде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі Айжан Әбдубаиттің әкесі Алғи Тойшыбектің «Айым ба екен, күн бе екен», «Арман» және тағы

басқа да өміршең күйлерін орындады. Подийға барлық сән-салтанатпен көтерілген ұлттық киімдегі қыз-жігіттерді де сүйемелдеген осы оркестр. Автордың алтын қолынан шыққан бүрмелі көйлек, қынама бел қамзол киіп, шашбау, шолпы тағып, мың бұрала билеген мемлекеттік «Салтанат» би ансамблінің көркем қыздарды да өнер кешінің сәнін кіргізді деуге болады.

Кешке рухани дем берген белгілі өнер жұлдыздары, дәстүрлі әншілер – Алмас Алматы, Айгүл Қосанова, Айгүл Елшібаева, Ұлжан Байбосынова және Ардақ Исатаевтар әні мен сәні жарасып, Айжан Әбдубаиттің авторлық костюмдерін киіп шықты. Ұлттық нақыштағы сахна киімдерінің әрбір дәстүрлі әншінің үстіне табылуы заңдылық. Әр тігісінде мән жатқан сахналық костюмдер әншінің ажарын ашып қана қоймай, орындаушының төл мәдениетінен де сыр шертеді. Иә, бұл бір зер де, әр де үйлесім тапқан жақсы кеш болды. Міне, біз де зерлеу өнерін ұлт рухының бағзыдан тіл қатқан тірі куәгері ретінде қабылдап, ризашылықпен қол соқтық.

## ӨНЕРГЕ АДАЛДЫҚ

Айтпақшы, реставратордың қолынан шыққан алғашқы жұмыстарының бірі – Жәңгір ханның әйелі Фатима ханшаның Николай I патшаның таққа отыру рәсімінде киген көйлегі мен қамзолы. Сондай-ақ, Айжан Әбдубаит қасиетті Түркістан жеріндегі Қожа Ахмет Яссауи қабірінің үстіне жабылған кілемшені, Жәңгір ханның әскери киімін қалпына келтіруге тікелей атсалысқан. Күні кеше елімізде аншлап өткен «Бөрте» спектакліндегі тарихи кейіпкерлерді бастан-аяқ «киіндірген» де Айжан ханымның қолөнер орталығының шеберлері болатын.

Ұлттық өнерді жаңғыртып, зер қадірін зерделеген шебердің кең-молыннан пішілген зерлі ұлттық костюмдері сонау Франция төрінде өткен көрмеде Гран-при иеленгенін де атап өткеніміз жөн болар. Бұл да Айжан Әбдубаиттің үлкен жетістігі, шыққан бір белесі.

«Кестені көңіл сызады, қол тігеді» демеуші, тарихи маңызы бар зер өнерінің бастапқы технологиясын жоғалтпай, ежелгі композициялық талаптарын сақтай отырып, оның әр тігісіне мән бере отырып, қайта жаңғыртып, отыз жылдан бері көзінің майын тауыса еңбек етіп келе жатқан Айжан Әбдубаиттің қолөнерге деген махаббаты шексіз. Кейбір тұстарда қолдау таппай, қиналыңқырап жатса да, асқан жанкештілікті талап ететін зер салып, зерделеп тігетін өнерге қолын бір-ақ сілтеп кете алмайтыны бар. Ол – өнерге деген адалдығы.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айжан ӘБДУБАИТ, дизайнер-реставратор, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, «Зерлеу» алтын тігіс авторлық үйінің негізін қалаушы:

## БҰЛ – ҮНСІЗ ӨНЕР

Егер қолданбалы өнер туралы жалпылама айтатын болсақ, ол алуан түрлі, көпсалады. Мысалы, ағаш өңдеу, темір, зергерлік бұйымдар, тоқыма-кілем тоқу, киіз басу және т.б. Сондай-ақ, кесте тігу өнерінде бірнеше бағыт бар: крест, тоқыма, тігіс және басқалары. Олардың ішінде зерлеу – алтын және күміс жіптермен кесте тігу, хандардың, билер мен сұлтандардың киімдері мен бас киімдерін әшекейлеу. Бұл біздің халқымыздың мәдениеті қаншалықты бай болғандығының тікелей дәлелі. Өз қолыңмен бірегей зат жасау үшін оған дейін жасалғанның шыңына жету керек. Бұл элитарлық өнер бүгінде жоғалуға айналды. Зерлеу – үнсіз өнер ғой, тұнып тұрған поэзия, музыка. Ол алтынмен тігу техникасы ғана емес, ол тереңнен түсінген адамға үлкен философия. Осындай зерлі жапа өнер ұрпақтан-ұрпаққа жетуге тиіс.



ТҮЙІН:

Иә, бір замандарда қазақтың бетке ұстар беделді тұлғаларының салтанатты киімдерін, бас киімдерін, тұрмыстық заттарын әшекейлеген осы бір бекзат та көркем әдісті жаңғыртып жүрген Айжан Әбдубаит шығармашылығы бірегей. Саналы ғұмырын зер өнеріне арнап келе жатқан шебер осы күнге дейін екі жүзден астам адамды оқытып шығарды, білгенін үйретті. Қазақ қызы кестелі хәм зерлі өнер тарих қойнауында қалып қоймай, ғұмырлы, мәңгілік болса екен деп тілейді. Бүгінде Айжан Әбдубаиттің жұмыстарын жеке коллекциялардан, ал реставрациядан өткен тарихи тұлғалардың костюмдерін еліміздің мұражайларынан көруге болады.





## КЕЗДЕСУ

Қаламызда қарымды қаламгер, Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабеков №166 лицей оқушыларымен кездесті.



## ЖАЗУШЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Айнабай  
МӘДИ

Шәкірттермен болған жылы жүздесуде жазушы-драматург оқырман қауымға кеңінен танылған шығармаларының жазылу жайы мен мазмұны жөнінде көсіле әңгімелесі. Сондай-ақ, жазушы шығармашылық өміріндегі оқыс оқиғалар мен ел-жұртты елең еткізген қызықты жәйттерді балаларға баяндап, қызықты етіп әңгімеленгеніне куә болдық. Әсіресе, жазушының «Гауһартас» (осы аттас шығармасы желісінде) кинофильмінің түсірілуіне, «Ескі үйдегі екі кездесу» повесі желісімен жазылған Англияда қойылған «Транзиттік жолаушы» драмасына қатысты айтқан әңгімесі оқушыларды елең еткізді.

– Егемендікке мемлекеттің еге болуы – бір төбе де, ал сол егемендіктің баянды болуы одан да маңызды. Республика күнінің мән-мәнісі осыдан байқалады. Бұл – әлемге танылған мемлекеттердің тойы. Егемен елдің жас өрендері әдебиетті оқып, өнерін өрістетіп, мәдениетті

қалыптастырады. Әлемдік өркеніетке үлес қосу деген осыдан басталады, – деді жазушы-драматург Дулат Исабеков.

Пән мұғалімдері мен әдебиет-сүйер шәкірттер еліміздегі көркем әдебиет пен оның болашағы жайында сауалдарын қойып жатты. Бүгінгі қазақ әдебиетінің жай-күйі оқырмандарын кәдімгідей толғандырғанына көркем әдебиеттің хас шеберінің балаша қуанғанын көрдік.

– Кездесуді ұйымдастырудағы мақсат – балаларды шығармашылыққа баулу. Олардың бойына рухани құндылықты сіңдіру. Елімізге белгілі жазушы Дулат Исабеков ағамыз бен шәкірттеріміздің кездесуінің тәлімі мол. Лицейде оқушылар математикалық бағытта білім алса да, әдебиеттен қаражасая емес. Пәндік олимпиадалардың республикалық, халықаралық сынында «жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» атанған жүлдегер мен жеңімпаздарымыз бар, – дейді Алатау аудандық білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Ақырзаева.

## ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

## ҚАРИЯЛАР – АСЫЛ ҚАЗЫНАМЫЗ

Қарттар айлығы аясында «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында №182 жалпы білім беретін мектеп ұжымы «Сізге алғысымыз шексіз» атты алғыс жазылған үнпарақтарды «Зерделі» ықшамауданында тұратын қарттарға таратып шықты.

Үнпарақтарда бүлдіршіндеріміздің аяулы әжелер мен ардақты аталарына деген ізгі тілектері жазылған. Бұл ретте мектебіміздің 6 «к» сынып жетекшісі мен сынып оқушылары белсенділік танытып, қарт кісілердің алғысына бөленді. Іс-шараның негізгі мақсаты – мектеп оқушыларына үлкенді құрметтей білуді ұғындырып, ұлттық құндылығымызды насихаттау болып отыр.

«Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбындағы мерекелік іс-шараны 6-сынып оқушылары мен сынып жетекшілері Мерей Шеризат, Мадина Борантай ұйымдастырды. Осынау тәлімді тәрбиеге баулитын іс-шараға қатысқан мектеп директоры Әсет Нұрғазы зейнеткерлікке шыққан ұстаздарымызға жылы лебізін білдірді. Қазыналы қарттарымызға 6-сынып оқушылары жыр шумақтарын арнаса, өнерлі балаларымыз ән-биден шашу шашты. Айнаш Шардарбекованың жас бишілері «Қазақ биін», «Алаш» домбырашылар ансамблі Әбдімомун Желдібаевтың күйі «Ерке сұлқымын» нақышына келтіре орындады. «Ана туралы жыр», «Әке туралы ой» әндерін 6-сынып оқушыларының хор ұжымы әуелетті.

Сонымен қатар, 3-сынып оқушыларының сомдаған «Менің ата-әжем» көрсетілімі де сәтті шықты. Оқушыларымызға ұлттық құндылықтарымыздың бірі – отбасындағы татулық насихатталып, ата мен әжелерінің үлгі-өнегесін ұғындырды. Аталмыш тақырыпта 4-сынып оқушылары фотосуреттер көрмесін ұйымдастырды. Отбасы құндылығын насихаттауда үлкенге – құрмет, кішіге – міндет қағидасының сақталуына баса назар аударылды. Жайлы, тату отбасында өскен баланың өзіне



сенімді, ойын ашық айта алатын еркін ойлы бала болып өсетіні бәрімізге аян. Әрбір оқушы достық қарым-қатынасты ту еткен отбасында өсуі керектігі мемлекетіміздің жүргізіп отырған саясатының бірі. Отбасындағы жылылық, ата мен әжесінен алған тәрбие әрбір балаға өмірлік азық болары сөзсіз.

Сондай-ақ, осы ай бойы 1–11-сыныптың оқушыларына «Қарттарға құрмет – кішіге міндет» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Ұлжалғас АҒАДІЛОВА,  
Алатау ауданы №182 жалпы білім беретін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

## ӘКЕЛЕР ФОРУМЫ

## Ұрпақ болашағы – тәрбие мен білімде!



Әуезов ауданы №141 жалпы білім беретін мектепте «Ұрпақ болашағы – тәрбие мен білімде!» атты сынып жетекшілерінің онкүндігі аясында «Әке – асқар тау, биік шың» атты әкелер форумы өтті.

«Әкеге қарап ұл өсер» деген дана халқымыз. Ер баланың рухты, намысты болып ер жетуі үшін әкенің рөлі ерекше. Ұл бала әкенің бүкіл тұлғалық болмысына, өмірлік ұстанған принциптеріне қарап бой түзейді.

Сондықтан әке баласының физикалық және рухани тұрғыдан мықты болып өсуі үшін ерекше тұлға. Осы орайда, форум қазіргі қоғамға сай әкенің моделін жасай отырып, отбасындағы және қоғамдағы ер-азаматтардың рөлін дәріптеуге, әкенің ұрпақ тәрбиесіндегі үлесін талдауға бағытталды.

Форумның ашылу салтанатында мектебіміздің домбыра үйірмесінің жетекшісі, «Nassak» тобының мүшесі Дархан Әлімғазы, талантты әнші, мектеп ата-аналар алқасының мүшесі Жолдасбек Әбдіханов өнер көрсетті. Алматы қаласы Білім басқармасы

қалалық ғылыми-әдістемелік орталығының психологиялық сүйемелдеу бөлімінің әдіскері, педагог-психолог Назым Мағзұмова «Әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту» тақырыбындағы тренинг жүргізіп, форумға қатысушылар белсенді түрде атсалысып, қызығушылық танытып отырды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс тобының жетекшісі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Нартайқызы «Позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасап, бала тәрбиесінде әкелерге арналған жадынамамен бөлісіп, кері байланыс орнатып отырды.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Естай Ысқақов форумның жоғары деңгейде өткенін айта отырып, осындай іс-шаралар алдағы уақытта жалғасын тапса деген ұсыныс білдірді. Форум соңында мектеп директоры Балжан Базарханқызы оқу-тәрбие процесінде ата-аналарды белсенді болуға шақырды. Жиынға қатысушы әкелер отбасындағы, қоғамдағы маңызды тұлға екенін тағы бір сезініп, «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмас» деген оймен тарқасты.

Кәмила ОТАРБАЕВА,  
№141 жалпы білім беретін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

лерін үйретіп, ұлттық құндылықтарды ұлықтап жатыр.

– Бұдан біз ұтпасақ, ұтымсымыз анық. Бұл тек спорт емес, үлкенді сыйлау, ұлтты сыйлаудың жарқын үлгісі болды, – дейді Алатау ауданы Ардагерлер Кеңесі төрағасының орынбасары Нұрқасым Токмолдаев.

Аталмыш іс-шараның мазмұнды өтуіне директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары Арайлым Жақыпова, Сымбат Тәжібаева мұрындық болды. Сонымен қатар, көркем өнер мұғалімдерінің ұйымдастыруымен балғын бояу шеберлері «Менің арманымдағы Қазақстан» атты сурет байқауына қатысты. Спорттық бағдарлама соңы 9-сынып жетекшілері Айжан Дүмшөбай, Өтен Далабаева, Фарид Сүлейменова бірлесіп ұйымдастырған «Отаным – кең далам орманды» атты мерекелік концертке ұласты.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

## МЕКТЕП АВТОБУСЫ

## БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ ОРЫНДА

Жаңа оқу жылынан бастап, қаламыздың 8 мыңнан астам оқушысы мектепке автобуспен қатынап жүр

Қазір сары түсті мектеп автобусына қала тұрғындарының көзі әбден үйренгендей. Қала көшелеріндегі 100 жаңа автобус 30 мектеп оқып жатқан 8258 оқушыны үйінен мектепке, мектептен үйіне тасымалдайды.

Рая  
ЕСКЕНДІР

Алғаш рет елімізде қолға алынған «Мектеп автобусы» пилоттық жобасы Алматы қаласынан бастау алды. Қазіргі таңда басқа өңірлер де қызығушылық таныта бастады. Әрине, баланың қауіпсіздігі үшін жасалып жатқан соң, қоғам да қызу қолдап жатыр. Әсіресе, ата-аналар дән риза. Қазақстандағы алғашқы ауқымды жобаны «АлматыЭлектротранс» ЖШС жүзеге асырып отыр. Алматы қаласы Білім басқармасы 100 мектеп автобусын (оның ішінде 50-і 21 орынды және 40 орынды 50 автобус) сатып алған еді. Бұл үшін бюджеттен 1,4 млрд теңге қарастырылған.

Қазіргі таңда №210 мектеп-лицейіне ықшамауданнан 222 бала, «Байбесік» және «Ұлжан-2» ықшамауданынан 148 бала, ал №200 мектеп-гимназиясына Абай саяжайынан күнде 241 оқушыны тасып жүр. Сонымен қатар, №162 мектеп-гимназиясына 175 баланы «Жас қанат» ықшамауданынан, ал №183 жалпы білім беретін мектепке мектеп автобусы саяжай алабынан және «Асқартау» ықшамауданынан 76 оқушыны алып келеді.

Мектеп автобустары барлық халықаралық қауіпсіздік стандарттары мен техникалық талаптарға сай. Мұнда апат орын алған жағдайда шығатын есіктер, қауіпсіздік белдіктері, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған пандус, өрт қауіпсіздігінің жүйесі дер кезінде іске қосылады. Жаңа жылдан бастап, «Мектеп автобусы» жобасының екінші кезеңін іске асыру үшін Алматы қаласы Мобильділік басқарма тағы да 50 автобус сатып алғалы отыр.

## САЙЫС

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Алатау ауданы тұрғындары үшін мемлекеттің өсіп-өркендеуін дәріптейтін әрбір іс-шараның орны ерекше. Әрбір мереке мазмұнына сай, айшықты өтеді. Осы ретте аудан тұрғындары орны бөлек Республика күнін ерекше атап өтті. Осынау мереке аясында «Қарттарым, асыл қазынам!» атты ұлттық спорт түрлерінен сайыс өткізіп, оған ауданның қадірменді қариялары белсене атсалысты.

Өздерін қала ішіндегі қазақы ауыл сезінетін ықшамаудан тұрғындары бұл күні №152 мектеп шаңырағына жиналып, ұлттық құндылықтарды дәріптеді. Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындарды жаңғыртып, әдет-ғұрыптарды жандандырды.

Табиғат аясында өткен спорттық іс-шараны денешынықтыру пәні мұғалімдері

ұйымдастырды. Қариялар мен оқушылар өзара сайысып, әдемі үрдістің үлгісін танытты.

Алатау ауданында ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тапқан. Үлкенді сыйлау, өткенді құрметтеу сияқты жақсы үрдістер мұнда үзілген емес. Бұл күні де қариялар оқушыларға ұмыт бола бастаған ұлттық спорт түр-



## ● КОНФЕРЕНЦИЯ

Алматыда «Жас зерттеуші: заманауи педиатрия және балалар хирургиясы дамуының сын-тегеуріні мен келешегі» атты тақырыпта докторанттар, магистранттар мен резиденттердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.



## ЖАС ПЕДИАТРАЛАР ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Жас дәрігерлердің басын қосқан алқалы жылы биыл алтыншы рет өткізіліп отыр. Іс-шараның ұйымдастырушылары: Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы мен «Педиатрлар одағы» қоғамдық бірлестігі. Басқосу офлайн және онлайн түрде ұйымдастырылды.

Иә, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы үшін бұл іс-шара дәстүрге айналды. Конференцияның көздейтіні – жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру, жас дәрігерлерге жұмыс тәжірибесімен және алғашқы ғылыми зерттеулерінің нәтижелерімен бөлісуіне мүмкіндік жасау, педиатрия және балалар хирургиясы саласындағы инновациялар бойынша жас ғалымдар арасында тығыз халықаралық қарым-қатынасты орнату, жас мамандарды ғылыммен айналысуға шақыру.

Иә, бізге білікті, білімді, сергек, зерек жас мамандар ауадай қажет. Конференцияда жас ғалымдар ғылыми зерттеулерімен бөлісе отыра, педиатрия және балалар хирургиясы

саласындағы өзекті мәселелерді талқылап, практикадағы ерекше клиникалық жағдайларды ортаға салды.

«Ғылыммен айналысу дағдыларын дамыту және қазірден ғылыми пікірталас, талқылауға қатысу тәжірибесін қалыптастыру студенттік кезеңнен қалыптасуы керек.

Сондықтан жыл сайынғы осы конференцияның мақсаттарының бірі резиденттер, магистранттар және басқа да жас дәрігерлер арасында ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықты дамыту, ғылыми-зерттеу тәжірибесін қалыптастыру және оның нәтижелерін презентацияларда көрсету болып табылады. Конференцияға 300-ден астам жас дәрігер, ғылыми жетекшілер мен тәлімгерлер қатысты», – дейді Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының Басқарма төрағасы ғылыми және инновациялық қызметтер жөніндегі орынбасары Лязат Манжуова.

## ● ШЕБЕРЛІК

# «АТТАБАН»

## Бозбалаға бірегей ота жасалды

Алматыда тұңғыш рет табанының пішіні бұзылған 16 жасар балаға күрделі ота жасалды. Жасөспірім жарық дүниеге сирек кездесетін ақаумен келген. Қос табанының пішіні бұзылып, алдыңғы бөлігі иіліп туған (аттабан) балаға Алматыдағы №2 қалалық клиникалық балалар ауруханасында бірегей операция жасалды.



Аурухана баспасөз қызметінің мәліметінше, аса күрделі хирургиялық манипуляцияны №2 ҚКБА дәрігерлері үш күндік халықаралық «шеберлік сабағы» шеңберінде ресейлік мамандар Максим Вавилов және Тимур Торномен бірлесіп жасады.

«Ауыр ақауларға шалдыққан балаларға білікті хирургиялық көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған «шеберлік сабағы» «Милосердие» ерікті қоғамы мен қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының тікелей қатысуымен өтіп жатыр. Іс-шара шеңберінде аяқ-қолы іштен қатты кемістіктен туған немесе атрофияға жүре-бара душар болған 7 балаға ота жасалмақ.

Хирургия саласы дамып, біз микрохирургиялық отаның заманауи әдістерін меңгеріп жатырмыз. Қалпына келтіруге бағытталған ортопедиялық оталар шетелде өте қымбат тұрады. Ал бізде тегін медициналық көмек және МӘМС пакеттері арқылы көрсетіледі», – деді аурухана директоры Марат Рабандияров.

Хабарламаға сүйенсек, 16 жастағы пациенттің қос табаны ирек тәріздес пішінде. «Ат табаны» деп аталатын мұндай кавустық

табан 100 мың адамның арасында 30 шақтысында кездесуі мүмкін. Бұл дертке әйелдерден гөрі ерлер жағы бейім келетін көрінеді. Әдетте табанның иілуіне жауап беретін абдукторлар майысады, салдарынан табан да ирек тәрізденіп кетеді.

«Табаны шектен тыс үлкен болғандықтан бала аяққим кие алмайтын. Табанның иілетін жеріндегі дистрофиялық өзгерістер адамды жүру қабілетінен айырады. Сондықтан міндетті түрде хирургиялық операция жасау қажет. Біз табанның тіректік қызметін қалпына келтіруге арналған күрделі ота жасадық. Операция кезінде табандағы буындардың бірі толығымен алып тасталады. Табан түзетіліп, арнайы винттермен бекітіледі», – дейді №2 ҚКБА травматология бөлімшесінің меңгерушісі Ерлан Садырбаев.

Айтуынша, мұндай ота бұрын-соңды Алматыда балаларға мүлде жасалмаған. Пациент 1,5-2 айға дейін аяғындағы гипсті шешпейді. Гипс алынғаннан кейін аурухананың реабилитация бөлімінде оналтудан өтеді. Өздігінше жүре бастаған соң тіркелген емханасына барып оналтудың 3-кезеңі бойынша емделеді.

## ● КӘСІБИ МАМАН

Алматыдағы №4 қалалық аурухананың травматолог-ортопедтері «туа біткен орган жіліктің шығуы мен жамбас буынының 4-дәрежелі туа біткен дисплазиясын» түзету үшін бірегей әрі күрделі операция жасады.

## СӘТТІ ОТА

Алматылық дәрігерлер ер адамның оң аяғынан 7 см қысқа сол аяғын түзеді

27 жыл бойы жас жігіт қатты қиналған, жүру қиына соққан, өйткені бір аяғы екіншісінен 7 см қысқа болды. Бұл бүкіл тірек-қимыл жүйесіне ауыр жүктеме деген сөз. Ауыр диагнозы жеке өміріне де кері әсерін тигізген. Дегенмен, табандылық пен жеңіске деген сенім оны жасытпады, жігіт медициналық білім алып, Тараз қаласындағы клиникалардың бірінде мейіргер болып істейді. Сонда жүріп №4 қалалық клиникалық аурухананың ортопед-дәрігерлері туралы естіп білген.

«Сол аяққа ота жасадық, енді бірер айдан кейін екінші жамбас буынына ота жасаймыз, содан кейін науқасымыз жүріп, ақсаңдап жүруден құтылады. Бес жасында оған «шығып кеткен буынды салу» операциясы жасалған, түзету остеотомиясы да қолданылды, бірақ бұл көмектеспеді. Науқас бізге консультацияға келгенде, біз оған операция жасауды ұсындық. Ол көптеген жерге көрініп, ем іздеген. Оның патологиясымен тек №4 қалалық клиникалық аурухана дәрігерлері айналысатындықтан, оны бізге жіберді.

Операция жасалған сол аяқ 5–7 см қысқа, 4-дәрежелі дисплазия, проксимальды сан сүйегінің вальгусты деформациясы. Біз мұндай жағдайға жылына 25–30-ға жуық осындай ота жасаймыз», – дейді №4 қалалық клиникалық аурухананың эндопротездеу бөлімінің меңгерушісі Манарбек Әубәкіров.

Операцияны ортопед-травматолог Жайдарман Оразхан жасады. Дәрігердің айтуынша, науқас бір жыл ойланп, №4 қалалық ауруханаға ота жасау үшін қайтып келген. Ортопедия және травматология саласындағы мұндай бірегей жағдайға куә болу үшін Ресейдің Қорған қаласынан Академик Г.А.Илизаров атындағы Ұлттық медициналық травматология және ортопедия орталығының өкілі Андрей Каминский келді. Қазақстандық және ресейлік дәрігерлердің бірлескен операциясы 4 сағатқа созылды.

## ● МӘМС

# ЖҰЛЫН СТИМУЛЯТОРЫ ТҰҢҒЫШ РЕТ ОМЫРТҚАҒА ОРНАТЫЛДЫ

Оңтүстік астанадағы Орталық қалалық клиникалық ауруханада нейрохирургтер тұңғыш рет омыртқаға жұлын стимуляторын орнатты. Жоғары технологиялы ота міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен жасалды.

ОККА баспасөз қызметінің дерегінше, бірегей операция омыртқаны емдегеннен кейін мазалайтын ауырсыну сезімін жоюға көмектеседі. Жылдар бойы бел ауруының зардабын тартқан әйел аяғын баса алмай қалатын. Бұған дейін мамандар оның бел ауруына себеп болған омыртқадағы жарықты алып тастаса да, ауырсыну сезімі басыла қоймапты. Тіпті, дәрі-дәрмектер де көмектеспеген көрінеді.

Операцияны ОККА дәрігері Марат Алматы ресейлік нейрохирург, Новосибирск қаласындағы Федералды

нейрохирургия орталығының бөлімше меңгерушісі Александр Дмитриевпен бірлесіп жасады.

Ота барысында науқастың омыртқасына ауруды басатын тұрақты электродтар орнатты. Электродтар жүйке талшықтарына импульс беріп, ауырсыну сезімін басып отырады. Сонымен қатар, бұл әдіс бас, арқа мен аяқтың ауырғанын басады дейді мамандар.

«Басында біз электрмен стимуляциялау қаншалықты нәтиже беретінін көру мақсатында электродты омыртқа каналына орнаттық. Арнайы пульт пациентке құрылғыны іске қосып, импульстің амплитудасын реттеуге мүмкіндік береді. Науқасқа көмегі тигеніне көз жеткізген соң терінің астына тұрақты генератор орнаттық. Енді пациент аппаратты қажет кезде қосып, ауыруы басылған соң өшіріп тастаса болады», – дейді Марат Алматы.

МСҚ Алматы қалалық филиалы директоры Тілеухан Әбілдаевтың сөзіне сүйенсек, енді бұл қызмет Орталық қалалық клиникалық ауруханада МӘМС есебінен көрсетіле бастамақ.

## ● АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР

# ӘЛЕУМЕТТІК ҮЙ ТҮРҒЫНДАРЫНА ДӘРІГЕРЛЕР ҚАМҚОР

№16 қалалық емхана қызметкерлері «Қамқор» әлеуметтік үйіне барып, қарттардың хал-жағдайын сұрап, денсаулығын тексерді. Егде жастағы 30-ға жуық пациентті терапевт, ЛОР, окулист және кардиолог мамандар қарады.

Дәрігерлер жүрек ақауларының алдын алуға ерекше назар аударды. Өйткені, жасы ұлғайып қалған жандарды көбірек мазалайтын да осы дерт. Мамандар олардан қант пен холестерин деңгейін білу үшін қан алып, ЭКГ жүргізді және қан қысымын өлшеді.

Сонымен қатар, денсаулық барысын қалай дұрыс бақылау керектігі, жүрекке қандай қауіпті факторлар әсер ететіні және қандай профилактикалық іс-шаралар қолдануға болатыны туралы әңгіме жүргізілді. Барлық пациент оналту, аурудың алдын алу және сауықтыру бағдарламалары бойынша маңызды ақпараттарға қанықты.



Бетгі дайындаған  
Нұржамал ӘЛШЕВА.





## ҚҰНДЫ ДЕРЕККӨЗ

## «2021 ЖЫЛҒЫ ХАЛЫҚ САНАҒЫ»:

## ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖИНАҚТАР

барлық қажетті деректі егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік береді

Ұлттық статистика бюросы stat.gov.kz ресми сайтында «2021 жылғы халық санағының» соңғы қорытындыларын жариялай бастады. Тақырыптық жинақтар талдаушылар үшін құнды дереккөз болып, барлық қажетті деректі егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік береді. Сайтта 9 жинақ жарияланады. Олар:


- «Қазақстан Республикасының халқы» (1-2 том);
- «Қазақстан Республикасындағы Ұлттық құрам, Діни наным және тілдерді меңгеру»;
- «Қазақстан Республикасындағы білім беру»;
- «Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру құралдарының кірістері мен көздері»;
- «Халықтың көші-қоны»;
- «Қазақстан Республикасында халықтың жұмыспен қамтылуы» (1-2 том);
- «Неке және отбасы»;
- «Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтары»;
- «Қазақстан Республикасындағы халықтың тұрғын үй сипаттамалары».

Жинақтар түріндегі түпкілікті қорытындылар Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Ұлттық санақ жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жарияланып отыр, ондағы жариялау мерзімі – 2023 жылғы IV тоқсан. Бүгін Бюро оқырмандар үшін «Қазақстан халқы» жинағының бірінші және екінші томы бойынша талдаушылар атап өткен негізгі қорытындыларды ұсынады.

## 2009 жылдан бері халық саны 20%-ға өсті

2021 жылғы 1 қыркүйектегі санақ қорытындысы бойынша халық саны 19 186 015 адамды құрады.

Үш өңірде халық саны 2 млн адамнан асты – Алматы (2 146 576) мен Түркістан облыстары (2 054 021) және Алматы қаласы (2 030 285).



Бұл ретте санақ арасындағы кезеңде халықтың ең көп өсуі Астана қаласында – 2 есе (613 мыңнан 1 234 мың адамға дейін), Шымкент қаласында 1,5 есе (730 мыңнан 1 112,4 мың адамға дейін) және Маңғыстау облысында (485 мыңнан 735 мың адамға дейін) байқалды.

## Урбанизацияның әлемдік тренді Қазақстанда да байқалады

Санақ қорытындысы бойынша қала тұрғындарының үлесі 5 пайыздық тармаққа өсті, 56,1%-дан 61,2% дейін. Тиісінше, ауыл халқының үлесі 43,9%-дан 38,8%-ға дейін азайды.

Қала халқының саны 2,7 млн-нан астам адамға артты. Өткен 12 жыл ішінде қала халқының ең жоғары өсімі еліміздің 6 өңірінде – Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстарында байқалды.

Ең урбанизацияланған аймақ – Қарағанды облысы, онда халықтың 80%-ы – қала тұрғындары (1 млн-нан астам адам).

Республикалық маңызы бар қалалар бойынша, санақ кезінде Астанада 1,23 млн адам тұрды, елорда халқы 12 жылда 2 есе өсті.

Алматыда халық саны 2,03 млн адамды құрады, мегаполис тұрғындарының саны 580,6 мың адамға артты.

Шымкент қаласының халқы 1,1 млн тұрғынды құрап, 381,6 мың адамға өсті.

Айта кетейік, екі санақ аралығындағы

кезеңде аталған қалалардың әрқайсысында қосымша бір-бір ауданнан құрылды.

Халқы 50 мыңнан 99,9 мың адамға дейінгі қалалар саны 8-ден 14 бірлікке дейін өсті.

## Гендерлік құрылым – өзгеріссіз

Қазақстандағы әйелдер саны ерлер санынан бұрынғыдай басым. 2021 жылғы санақ қорытындысы бойынша олардың саны жарты миллионға (536,3 мың адамға) артық болды. Пайызбен айтсақ, ерлер үлесі – 48,6% (9 324 840 адам), әйелдердікі – 51,4% (9 861 175 адам). Алдыңғы санақпен салыстырғанда, ерлер саны 1,6 млн, әйелдер саны 1,5 млн артты, Қазақстанда 1000 әйелге 946 ерден келеді.



Демография ерекшеліктеріне байланысты 36 жасқа дейінгі ер адамдар саны әйелдерге қарағанда көп, содан кейін ғана олардың саны арақатынасына салғанда азая бастайды

(36 жастан асқан әйелдер саны 736 мың адамға көп). Бұл ретте ерлер мен әйелдердің арақатынасы тек екі өңірде – Қызылорда және Түркістан облыстарында көп, онда 1000 әйелге сәйкесінше 1006 және 1027 ер адамнан келеді.

Алдыңғы санаққа қарағанда 15–19 жас және 20–24 жас аралығындағы әйелдер мен ерлердің саны азайғанына назар аударуға болады. Бұл 2009 жылғы халық санағы кезінде 20–24 жас аралығындағы топта туудың ең жоғары кезеңінде – 1980 жылдардың екінші жартысында туылған ұрпақтың болуымен байланысты.

Ал 2021 жылы бұл жас тобын 1990 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында дүниеге келген туу көрсеткіші төмен болған ұрпақ алмастырды. Сол сияқты, 15–19 жас санаты бойынша 2002–2006 жылы туылған ұрпақ 1990 жылдардың бірінші жартысындағы ұрпаққа қарағанда аз.

2009 жылғы санақпен салыстырғанда 55–59, 60–64 және 65–69 жастағы ер адамдар саны сәйкесінше

50,2%, 117% және 69,5% айтарлықтай өсті. Осы жастағы әйелдер саны да 2009-ға қарағанда сәйкесінше 38%, 105,9% және 58,3% өскен. Аталған жас тобындағы халықтың өсуі орташа өмір сүру ұзақтығының артуымен, өмір сүру жағдайларының жақсаруымен байланысты.

## Қазақстандықтар – жас ұлт

Қазақстандықтардың орташа жасы салыстырмалы түрде жас болып келеді. 2009 жылғы санақпен салыстырғанда, орташа жас 31-ден 32 жасқа дейін өсті.

Санақ аралығындағы кезеңде 0-ден 15 жасқа дейінгі балалар саны айтарлықтай өсті. Егер олардың үлесі 2009 жылы сол кездегі халықтың жалпы санының 24,1%-ын (3,9 млн адам) құраса, соңғы санақ қорытындысы бойынша олардың үлесі 29,4% (5,6 млн адам) болды.

65 жастан асқан егде жастағы халықтың үлесі де өсті. 2009 жылмен салыстырғанда 2021 жылы олардың үлесі 7,1%-дан 8,2%-ға дейін өскен (1,6 млн адам).

Сонымен қатар, санақ қорытындысы бойынша Қазақстанда 101 жастан асқан 200-ден астам қарт адам тұрған.

Айта кетейік, өңірлер арасында балалар саны бойынша Түркістан облысы, 90 жастан асқан қариялар саны бойынша ШҚО көш бастап тұр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».  
(Дереккөз: <https://old.stat.gov.kz>).

## ҚАУЛЫ

## 2023 жылғы 29 қазанда өткен Алматы қаласы мәслихаттың шығып қалған депутаттың орнына сайлау қорытындылары туралы хабарлама

2023 жылғы 29 қазанда №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Алматы қаласы мәслихаттың шығып қалған депутаттың орнына депутат сайлауы өтті.

Сайлаушылар тізіміне 52 015 азамат енгізілді. Дауыс беруге – 7117 сайлаушы, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс – 13 қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны – 6.

№4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Алматы қаласы мәслихат депутатын сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

Е.Е.Бакарасова үшін сайлаушылардың 4652 дауысы берілді, М.У.Кукетаева үшін сайлаушылардың 573 дауысы берілді, Д.Н.Лактюшин үшін сайлаушылардың 243 дауысы берілді, А.Ш.Молдасанов үшін сайлаушылардың 640 дауысы берілді, Н.В.Новосельцева үшін сайлаушылардың 291 дауысы берілді, Ж.Б.Сабрайым үшін сайлаушылардың 351 дауысы берілді. «Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 203.

Сайлау қорытындысымен №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Алматы қаласы мәслихаттың депутаты болып – Бакарасова Елена Евгеньевна сайланды, 1965 жылы туған, «Концерн Bakarassov» ЖШС бас директоры, Алматы қаласы.

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы.

Алматы қаласы әкімінің  
2023 жылғы 24 қазандағы №4/524-644 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсай (Барлық) су жинау тармағының құрылысы үшін «КазКонсалтингПартнер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Абай» шағынауданы, Абай көшесі, 11/36 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-001-009) жалпы ауданы 9, 2650 га жер учаскесін ауданы 5,0003 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және меншік иесіне жер учаскесі бөлігінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша шаралар аяқталғаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ





ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет. 2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Каппочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 Жылға жазылушылар үшін 6433,44 теңге

95503 Жерілдікпен үос қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін 4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайтынан немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!



Бас директор – Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі: тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары – Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары – Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары – Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы – Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы – Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы – Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы – Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі – Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.

e-mail: d\_kuanysh@mail.ru
Жарнама және тарату бөлімінің менеджері – Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы – Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ
Кеңес мүшелері: Мұрат ӘУЕЗОВ, Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі: «Alatau Aqparat» ЖШС. alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

Table with 4 columns: Index, Parcel Number, Land Description, and Area. Contains 25 rows of land parcel information.

Almaty aqshamy notice regarding land parcels. Includes title, date, and detailed text about land parcels and their status.

Notice regarding land parcels in Almaty. Title: Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут). Includes details about the parcels and the responsible authority.

Table with 4 columns: P/c №, Cadastral Number, Land Description, and Servitude Details. Contains 23 rows of land parcel information with servitude details.





Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

## РЕСПУБЛИКА МАҚТАНЫШТАРЫ

## ЧЕМПИОНДАР ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

Ханчжоу қаласында өткен Азия Пара ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері сенбі күні Алматыға келді. 22–28 қазан аралығында Қытайда өткен жарысқа Қазақстан тарапынан спорттың 14 түрінен 131 спортшы қатысты.




– Азия Пара ойындары жоғары деңгейде өтті. Қытай тарапы Азидаға жақсы дайындалған. Тіпті, Токиодағы олимпиада ойындарымен салыстырғанда ұйымдастыру деңгейі мықтырақ деуге болады. Алдыңғы әлем чемпионатында әлсіздеу жүзгенмін. Ал бұл жарыста жеңіске жетіп, жаңа Азия рекордын қою бұйырыпты. Енді 1-2 апта демалып, жаттығуды қайта бастаймыз. Жаңа жеңістерге, жаңа жүлдегерге ұмтыламыз, – деді Азия Пара ойындарының екі дүркін чемпионы Нұрдаулет Жұмағали.

Азия Пара ойындарының нәтижесі бойынша спортшыларымыз 8 алтын, 12 күміс және 21 қола медальмен командалық есепте 11-орынға тұрақтады. Жарыста спортшыларымыз 3 Азия және 4 Азия Пара ойындарының рекордын орнатты. Жарысқа жалпы 43 мемлекеттен 4000-ға жуық спортшы қатысты.

– Бұл менің алғашқы Азия Пара ойындарым. Жарыс өте қарқынды өтті. Қарсыластарым мықты болды. Дегенмен, жеңісті қолдан бермеуге тырыстым. Байрақты бәсекеге 1 жыл уақытымды арнап, жақсылап дайындалдым. Елімнің Көк байрағын көкте желбірте алғанымға қуаныштымын. Алдағы уақытта Париждегі Пара Олимпиадасына жақсылап дайындалып, онда да жеңіске жетуге тырысамыз, – деді Пара жүзуден Азия чемпионы Кенжебек Диас.

Айта кеткен жөн, 2018 жығы Индонезияда өткен Азия Пара ойындарында Қазақстан құрамасы 33 медальмен (5 алтын, 15 күміс, 13 қола) 13-орынға табан тіреген болатын.

## КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

## ФЕСТИВАЛЬ

## ҮЗДІК ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЛАР ӘЛЕМІ

Алматыда I Халықаралық «Almaty Puppet Festival» шарасы өтті

Алматы қаласы Мемлекеттік қуыршақ театрының басқармасымен және Мәдениет басқармасының қолдауымен Республика күні аясында I Халықаралық «Almaty Puppet Festival» қуыршақ театрлар фестивалі ұйымдастырылған болатын. Фестиваль қуыршақ театры өнерінің көркемдік-эстетикалық ізденісі арқылы театр жанрының көкжиегін кеңейте отырып, халықаралық шығармашылық қатынасты нығайту, көрерменді қуыршақ театры әлемінің заманауи шығармашылығымен таныстыру мақсатында өткізілді.

Фестивальде Польша, Грузия, Болгария, Түркия, Өзбекстан, Қазақстан Республикаларының 14 үздік театр ұжымы мен 150-ге жуық қуыршақ шеберлері өнер көрсетті.

Халықаралық қуыршақ театрлар фестивалінің нәтижесі келесідей болды: Гран-при жүлдесімен («Үздік Спектакль») Батуни Мемлекеттік кәсіби қуыршақ және Жас көрермендер театры, «Үздік режиссер» номинациясымен Ақтөбе облыстық «Алақай» қуыршақ театры, «Үздік ансамбль» номинациясымен Өзбекстан Республикасы, Ферғана облыстық қуыршақ театры, «Үздік суретші» номинациясымен С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының қуыршақ труппасы, «Жанашыл көзқарас» номинациясымен С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының қуыршақ труппасы, «Қуыршақ театрының Ұлттық драматургиясын дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясымен Надежда Насырова марапатталды. Сонымен қатар, фестивальдің барша қатысушыларына арнайы дипломдар табысталды.



Айта кеткен жөн, Алматы қаласының Мемлекеттік қуыршақ театры – тамырлы тарихы 1935 жылдан бастау алатын республика тарихындағы тұңғыш қуыршақ театры. Бүгінде өнер ордасы таяқ қуыршақтан бастап, заман ағымына сай күрделі марионетқалар, соңғы үлгідегі техникалық-лазерлі көркемдеулермен жабдықталған. 88 жылдық тарихы бар өнер

ордасы әр жыл сайын көрермен талғамы мен қызығушылығына сай қазіргі таңдағы өзекті де белді оқиғаларды кішкентай бұлдіршіндер мен ересектердің сұранысына сай қойылымдар арқылы арнасын толықтырып, жаңаша тың жобаларды іске асыруды басты мақсат санайды.

Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.